

**Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің
Білім саласында сапаны қамтамасыз ету Комитетінің
Ақмола облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету
департаменті**

**Ақмола облысы білім басқармасының «Астана
қаласының № 2 «Дарын» облыстық
мамандандырылған мектеп-лицей- интернаты»
коммуналдық мемлекеттік мекемесін мемлекеттік
аттестаттау нәтижесі туралы
ҚОРЫТЫНДЫ**

Көкшетау қаласы-2024 жыл

**Ақмола облысы білім басқармасының «Астана қаласының № 2
«Дарын» облыстық мамандандырылған мектеп-лицей-
интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесін мемлекеттік
аттестаттау нәтижесі туралы
ҚОРЫТЫНДЫ**

Көкшетау қаласы

2024 жылғы 19 маусым

Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес, «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңын (бұдан әрі – Заң), «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығын басшылыққа ала отырып (бұдан әрі-Бағалау өлшемшарттары), Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Ақмола облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті (бұдан әрі – Департамент) 2023 жылғы 06 қарашада № 679 бұйрығымен бекіткен (2024 жылғы 20 ақпандағы №105 бұйрықпен өзгерістермен) 2024 жылға арналған мемлекеттік аттестаттауға жататын білім беру ұйымдарының тізбесі негізінде Ақмола облысы білім басқармасының «Астана қаласының № 2 «Дарын» облыстық мамандандырылған мектеп-лицей-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесін (әрі қарай-Мектеп) 2024 жылдың 17 маусымнан 19 маусым аралығында мемлекеттік аттестаттау өткізілді.

Мемлекеттік аттестаттауды Департамент басшысының 2024 жылғы «11» маусымдағы №17-11-01-08/526 бұйрығымен төменде берілген құрамда бекітілген аттестаттау комиссиясы өткізді (бұдан әрі-комиссия):

1. Жанәділ Анаргүл Базарқызы - Ақмола облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің бас маманы, комиссия төрайымы;
2. Мукашева Айнур Болатбековна - Ақмола облысы білім басқармасының «Көкшетау қаласы, Абай атындағы №3 облыстық мамандандырылған мектеп-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі;
3. Жакишева Айман Глеутсовна - Ақмола облысы білім басқармасының «Степногорск қаласы, № 4 «Болашақ» облыстық мамандандырылған мектеп-лицей-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі басшысының бейінді оқу ісі жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі;
4. Құлмағанбетова Айнагүл Сайлауқызы - Ақмола облысы білім басқармасының «Білім – инновация лицей – интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қазақ тілі және әдебиеті пәні мұғалімі, комиссия мүшесі;
5. Нурушева Аягоз Негметолловна - «Ақмола облысы білім басқармасының Бурабай ауданы бойынша білім бөлімі Бурабай кентінің Сәкен Сейфуллин атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық

мемлекеттік мекемесі директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі.

Комиссия бағалау өлшемшарттарына сәйкес білім беру ұйымдарына бағалау жүргізу кезінде негізгі бағыттар мен зерделеу объектілері бойынша өзін-өзі бағалау материалдарына талдау жүргізді, оның ішінде көрсетілетін білім беру қызметтерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты талаптарына сәйкестігіне талдау жүргізді.

Өзін-өзі бағалау материалдарын зерделеп, оларды білім беру саласындағы ақпараттандыру объектілерінде орналастырылған мәліметтермен және ұйымдар мен уәкілетті мемлекеттік органдардың мәліметтерімен салыстыра отырып, комиссия Ақмола облысы білім басқармасының «Астана қаласының № 2 «Дарын» облыстық мамандандырылған мектеп-лицей-интернаты» КММ қызметінің сандық және сапалық көрсеткіштеріне бағалау және егжей-тегжейлі талдау жүргізді.

1. Білім беру ұйымы туралы жалпы мәліметтер

1) білім беру ұйымының толық атауы: Ақмола облысы білім басқармасының «Астана қаласының № 2 «Дарын» облыстық мамандандырылған мектеп-лицей-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

2) білім беру ұйымының орналасқан жері (заңды мекен жайы және нақты орналасқан жерінің мекен жайы) Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы Астана қаласы, А.Затаевича көшесі, 14-үй, индексі 010000,

3) заңды тұлғаның байланыс деректері (телефон, электрондық пошта, web-сайт): телефон 8(7172)-94-38-41; электронды мекен-жайы: shkola.daryn@yandex.kz, мектептің сайты <http://daryn2astana.edu.kz>

4) заңды тұлға өкілінің байланыс деректері (басшының Т.А.Ә., лауазымға тағайындау туралы бұйрықтың көшірмесі) Шамуратова Рысжан Шерниязовна Ақмола облысы білім басқармасының «Астана қаласының № 2 «Дарын» облыстық мамандандырылған мектеп-лицей-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры қызметіне Ақмола облысы білім басқармасының 2022 жылдың 2 қарашадағы № 135 бұйрығының негізінде тағайындалған. Байланыс телефоны: 8(717)2943841.

5) құқық белгілейтін және құрылтай құжаттары (заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу не қайта тіркеу туралы анықтаманың/куәліктің және Жарғының көшірмесі қоса беріледі). Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтаманы Ақмола облысының Әділет департаментімен 2022 жылғы 31 қазанда берілген. БИН: 931140000079. Ақмола облысы білім басқармасының «Астана қаласының № 2 «Дарын» облыстық мамандандырылған мектеп-лицей-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жарғысын Ақмола облысы әкімінің 2022 жылғы 14 қазандағы №А-10/495 қаулысымен бекітілген.

б) рұқсат беру құжаттары (білім беру қызметіне лицензия және оған қосымша және (немесе) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы хабарламаны жіберу туралы талон) Ақмола облысы білім басқармасының «Астана қаласының № 2 «Дарын» облыстық мамандандырылған мектеп-лицей-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне «Ақмола облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету

департаменті» ММ-і 2021 жылы 24 шілде № KZ57LAA00032834 мемлекеттік лицензия және негізгі, жалпы орта білім беру қызметімен айналысу үшін лицензияға қосымша берілген.

2-параграф. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары

2. Оқыту нәтижесіне бағдарлана отырып, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру мазмұнына өлшемшарттар:

1) білім беру ұйымының басшысымен бекітілген жұмыс оқу жоспары мен сабақтар кестелерінің болуы және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) талаптарына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 болып тіркелген) бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – **ҮОЖ) сәйкестігі;**

Бағаланатын кезеңге талдау жасауға арналған құжаттар: әзірленген және бекітілген жұмыс оқу жоспары, бағаланатын кезеңге арналған сабақ кестесі.

Талдау нәтижесі: осы өлшем бойынша 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарына арналған оқу жұмыс жоспарлары зерделенді.

2021-2022 оқу жылындағы оқу жұмыс жоспары Ақмола облысы білім басқармасы басшысы Б.Жүсіпов және Республикалық «Дарын» ғылыми-практикалық орталығының директоры Т.Нүркешовпен келісілген, Ақмола облысы білім басқармасының «Нұр-Сұлтан қаласының № 2 «Дарын» облыстық мамандандырылған мектеп-лицей-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры Б.Есмағанбетовамен бекітілген.

2022-2023 оқу жылындағы оқу жұмыс жоспары Ақмола облысы білім басқармасы басшысы Б.Жүсіпов және Республикалық «Дарын» ғылыми-практикалық орталығының директоры А.Унайбековпен келісілген, Ақмола облысы білім басқармасының «Нұр-Сұлтан қаласының № 2 «Дарын» облыстық мамандандырылған мектеп-лицей-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры Р.Шамуратовамен бекітілген.

2023-2024 оқу жылының Ақмола облысы білім басқармасы басшысы Ш.Оразалин және Республикалық «Дарын» ғылыми-практикалық орталығының директоры Х.Тұрсыновпен келісілген, Ақмола облысы білім басқармасының «Нұр-Сұлтан қаласының № 2 «Дарын» облыстық мамандандырылған мектеп-лицей-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры Р.Шамуратовамен бекітілген оқу жұмыс жоспары зерделенді.

2021-2022, 2022-2023 оқу жылдарында барлығы 14 сынып-жиынтығы бар. 7-9 сыныптар – 9; 10-11 сыныптар – 5 сынып-жиынтығы. 7-9 сыныптарда оқу жұмыс жоспары бойынша апталық оқу жүктемесінің максималды көлемі және инвариативтік оқу жүктемесі, вариативтік компонент есебінен бөлінген

сағат саны типтік оқу жоспарына сәйкес келеді. Оқу жоспарында апталық, жылдық сағат сандары көрсетілген. 7-9 сыныптардың оқу жоспары инвариантты компонент ішіндегі мамандандырылған бөлім есебінен аптасына 7 сағат көлемінде мектептің бағытына сәйкес алгебра, информатика, геометрия, физика, география пәндерін тереңдетуге арналған. 2021-2022 оқу жылында 10-11 сыныптар қоғамдық-гуманитарлық, жаратылыстану-математикалық бағытта оқытылған. «Биология», «Физика» және «Химия» пәндері инвариантты компонент ішіндегі мамандандырылған бөлім есебінен аптасына 4 сағат көлемінде тереңдетілген, вариативті бөлігі негізінде олимпиадаға дайындық курстары, элективті курстар жүзеге асқан.

2022-2023 оқу жылының Ақмола облысы білім басқармасы басшысы Б.Жүсіпов және Республикалық «Дарын» ғылыми-практикалық орталығының директоры А.Унайбековпен келісілген, «Ақмола облысы білім басқармасының «Нұр-Сұлтан қаласының № 2 «Дарын» облыстық мамандандырылған мектеп-лицей-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры Р.Шамуратовамен бекітілген оқу жұмыс жоспары зерделенді. 7-11 сыныптарға арналған оқу жұмыс жоспары ҚР МП 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығының негізінде әзірленген. 2022-2023 оқу жылында барлығы 14 сынып комплект оқытылған. Оның ішінде 7-9 сыныптар – 9 комплект; 10-11 сыныптар – 5 комплект.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығының 15 тармағына сәйкес мамандандырылған білім беру ұйымдарына саралап және жекелеп оқыту міндеттерін шешу, оқушылардың зерттеушілік қызығушылығын дамыту үшін әрбір бейіндік пән бойынша әр сыныпқа аптасына 4 сағат және оқушылардың шығармашылық және зерттеушілік қызметін дамыту бойынша жеке сабақтан тыс жұмыстар үшін әр сыныпқа 4 сағат және шарт негізінде жоғары білікті мамандарға жекелеген курстар мен дәрістерге 7-11 сыныптарға аптасына - 1 сағаттан жоспарланған.

2022-2023 оқу жылы мамандандырылған компонент: 7-9 сыныптарда информатика, химия, физика, алгебраға, 10-11-сыныптарда алгебра, физика, географияға бөлінген.

7-11 сынып оқушыларының шығармашылық және зерттеушілік қызметін дамыту бойынша жеке сыныптан тыс жұмыстары үшін әр сыныптағы 0,25 мөлшерлемесі (аптасына 4 сағат) «Жас өркен», «Домбыра» «Робототехника», «Поэзия клубы», «Жас тілші», «Вокал» үйірмелері арқылы жүзеге асқан. Оқу жоспарында физика, биология, математика, химия, қазақ тілі пәндерінен оқушыларды олимпиадаға дайындауға сағат бөлінген.

2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылына арналған мектептің қамқоршылық кеңесімен келісілген және мектеп директоры бекіткен сабақ кестесі берілген. Сабақ кестелерінде оқу жүктемесінің максималдық көлемі толық қамтылған. Негізгі сабақтар және факультатив курстардың, үйірме кестесі бөлек берілген.

2023-2024 оқу жылында оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 7 «А», 7«Ә», 8 «А», 8 «Ә», 9 «А», 9«Ә», 9«Б» сыныптарының оқу жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500

бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 12.08.2022ж № 365 бұйрығының негізінде оқу жоспары 63- қосымшасы негізінде дайындалған.

10 «А», 10 «Ә», 11«А», 11«Ә» сыныптарында оқу жұмыс жоспары білім беру процесінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы ҚР Оқу-ағарту министрінің 12.08.2022ж № 365 бұйрығының негізінде оқу жоспары 64-қосымшасы негізінде дайындалған.

Оқыту орыс тілінде жүргізілетін 9 «В»,10 «Б» сыныптарында оқу жоспары ҚР Оқу -ағарту министрінің 12.08.2022ж № 365 бұйрығының 67,68 қосымшасы негізінде дайындалған.

2023-2024 оқу жылында жылында барлығы – 13 сынып жинақталған оның ішінде қазақ тілінде оқытатын 11 сынып-жиынтық, орыс тілінде оқытатын 2 сынып-жиынтық.

Негізгі орта білім беру сатысында оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 7-9 сыныптардың инварианттық бөлігіндегі мамандандырылған компоненттен информатика, физика, химия, алгебра пәндерін тереңдетіп оқытуға 7 сағат бөлінген.

7-11 сыныптардағы оқушылардың шығармашылық және зерттеушілік қызметін дамыту бойынша жеке сабақтан тыс жұмыстар үшін әр сыныпқа 0,25 жүктемеде «Театр студиясы», «Шахмат», «Работотехника» «Математика қоғамдастығы», «Домбыра», «Жас эколог», «Туризм үйірмесі», «Бизнес негіздері», «Программалау мектебі» атты үйірмелерге сағаттар бөлінген.

10-11 сыныптарда оқушылардың болашақ мамандық таңдауына бағытталған бейінді пәндері ескеріп және білім алушыларды пәндерді тереңдетіп оқыту ғылыми танымдық дағдыларын дамыту пәндік зияткерлік сайыс олимпиадаларға дайындау мақсатында алгебра, физика, химия, биология пәндерінен дайындық курстары жүзеге асқан.

Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10-11 сыныптарда «Ақпараттық жүйемен жұмыс», «Физика – техникалық модельдеу», «Химиялық кинетикалық теория», «Молекулалық химия», «Биология».

Оқыту орыс тілінде жүргізілетін жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10-11 сыныптарда «Углубленный курс физики», «Углубленный курс химии».

Дарынды балалар үшін 1500 сағат есебінен жоғары білікті мамандармен шарттық негізде өткізілетін жекелеген курстар мен дәрістер жоспарланған.

Осылайша, 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарына білім беру ұйымының басшысымен бекітілген оқу жұмыс жоспары мен сабақтар кестелері оқу жұмыс жоспарларына және сабақ кестесі негізінде жүзеге асырылғаны анықталды. Сабақ кестесі Kundelik.kz платформасында орналастырылған. Оқу жоспарының инвариант бөлігіндегі пәндер негізгі кестеге және вариативті бөліктері барлық курстар ҚББ (қосымша білім беру) парақшасына жүктелген.

Қорытынды: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген «Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының» (3 қосымшасы) 3 тарау

40,41 тармағына, «Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» (4 қосымша) 3 тарау 30,31 тармағына сәйкес келеді.

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8424 болып тіркелген) жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына (бұдан әрі – ЖББ үлгілік оқу бағдарламалары) сәйкес жүзеге асырылатын оқу пәндерінің базалық мазмұнын игеру

Бағаланатын кезеңге талдау жасауға арналған құжаттар: оқу пәндері бойынша күнтізбелік-тақырыптық жоспарлар, сынып журналдары ("Білімал" немесе "Күнделік" АЖ-дан жүктеу).

Талдау нәтижесі: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген жалпы білім беретін пәндер үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылатынын анықтау үшін 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарының Kundelik.kz электронды журналы зерделенді.

2021-2022, 2022-2023 оқу жылдарында жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес оқу пәндерінің базалық мазмұнын игеру талаптары орындалған. Теориялық және практикалық сабақтардың Kundelik.kz электронды сынып журналдарында оқу пәндерінің мазмұны Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген жалпы білім беру бағдарламаларына сәйкес келеді. 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарындағы «есептер» бөліміндегі есеп бойынша бағдарламаның орындалуы 100% құрайды.

«Күнделік кз» жүйесінен 2021-2022 оқу жылында 01.09.2021-25.05.2022 жыл аралығындағы мониторинг алынды: үй тапсырмаларымен толтырылған сабақтар - 96,48%, үй тапсырмаларының уақытылы берілуі - 70,38%, тақырыптардың толтырылуы – 97,79%, жоспарлауды жүргізу – 99,24%, бағалар қойылған журналдардың саны – 364 ден 372, журналдың жүргізілуі – 94,15%, үй тапсырмаларының уақытылы берілуі - 70,38% орындалған.

«Күнделік кз» жүйесінен 2022-2023 оқу жылында 01.09.2022-31.05.2023 жыл аралығындағы мониторинг алынды: үй тапсырмаларымен толтырылған сабақтар – 96,16%, үй тапсырмаларының уақытылы берілуі - 66,13%, жоспарлауды жүргізу – 98,67%, бағалар қойылған журналдардың саны – 385 ден 394, журналдың жүргізілуі– 95,91% орындалған.

«Күнделік кз» жүйесінен 2023-2024 оқу жылында 01.09.2023-24.05.2024 жыл аралығындағы мониторинг алынды: үй тапсырмаларымен толтырылған сабақтар – 98,18%, үй тапсырмаларының уақытылы берілуі - 73,13%, тақырыптардың толтырылуы – 89,92%, жоспарлауды жүргізу – 97,92%, бағалар қойылған журналдардың саны – 242 ден 248, журналдың жүргізілуі – 99,5%, журналдың уақытылы жүргізілуі – 72,04% орындалған.

Жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылатын оқу пәндерінің базалық мазмұнын игеру бойынша 2023-2024 оқу жылынан kundelik.kz электрондық журналындағы «Бағдарламаның орындалуы» бөлімінде жалпы білім беретін пәндер бойынша оқу бағдарламасының орындалғандығы көрсетілген.

Осылайша, 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарында жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылатын оқу пәндерінің базалық мазмұнын игерілуі толық орындалғаны анықталды.

Қорытынды: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген «Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының» (3 қосымшасы) 2 тарау 23-37 тармағына, «Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» (4 қосымша) 2 тарау 23,28 тармағына сәйкес келеді.

3. Білім алушылардың таным мәселелерін шешуге және субъективті жаңа білімді меңгеруге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру

Бағаланатын кезеңге талдау жасауға арналған құжаттар: бағаланатын кезеңге арналған тәрбие жұмысының әзірленген және бекітілген жоспары.

Талдау нәтижесі: талдауға ұсынылған құжаттарды зерделеуде 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарына арналған тәрбие жұмысын жүзеге асыру іс-шараларының жоспары қарастырылды. Нормативтік құжаттарды іске асыруда тәрбие жұмысында жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға баса назар аударылған. Берілген құжаттардың ішінде тәрбие жұмысының құрылымы, мақсаты, міндеттері мен күтілетін нәтижесі тәрбие жұмысының тұжырымдамалық негіздері бойынша құрылған. 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдар бойынша тәрбие жұмысы сегіз бағыт бойынша ұйымдастырылған. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 16 қыркүйектегі № 472 бұйрығына 2-қосымшасына және Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес жасалған. Барлық тәрбие қызметінің жұмыстары келесі бағыттарға сәйкес құрылған: Бірінші бағыт: «Жаңа Қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие беру», екінші бағыт: «Рухани-адамгершілік тәрбие», үшінші бағыт: «Ұлттық тәрбие», төртінші бағыт: «Отбасылық тәрбие», бесінші бағыт: «Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие», алтыншы бағыт: «Зияткерлік тәрбие, интеллектуалды тәрбие, ақпараттық мәдениеттерді тәрбиелеу», жетінші бағыт: «Көп мәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие», сегізінші бағыт: «Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты». 2023-2024 оқу жылында Оқу-ағарту министрлігінің 2023 жылы 19 қыркүйек №294 бұйрығы «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру бойынша Мемлекеттік құзырлы органдармен бірлескен үш құндылыққа негізделген тәрбие тұжырымдамасы негізінде жүзеге асырылған.

2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдары тәрбие бойынша іс-шаралар өткізгендігін өзін-өзі бағалау материалдарында көрсеткен. Атап айтқанда, «Тіл рухани жаңғырудың тетігі», «Қарттарым асыл қазынам» акциясы, «Отбасы бақыт мекені», «Таза мектеп көрікті мектеп» экодесант, «Өмірді бағалай біл» тренинг, «Өсімдіктер әлемі» іс-шаралар, «Директор сағаты», «Дара бала» жобасы, «100 кітап», «Асық ату» челлендж, «Салауатты ұрпақ - ұлт балығы», «100 күй, 100 ән» бағдарламасы,

«Жақсылық жасауға асығыңыз», «Отбасылық альбом» шығармашылық жұмыс, «Ата-ананың жұмыс орнындағы бір», «Кәсіпорындағы 1 күн жұмысы», «Армысың әз Наурыз» мерекелік іс-шара, «Жер экологиялық проблемалар», «Әкелер кездесуі» слет және т.б.іс-шаралар.

Осылайша, жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған тәрбие жұмысы білім беру ұйымының басшысымен бекітілген тәрбие жұмысының жоспары негізінде жүзеге асырылады.

Қорытынды: Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген «Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының» (3 қосымшасы) 2 тарау 7-тармағына, «Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» (4 қосымша) 2 тарау 5 тармағына сәйкес келеді.

4. Білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін жиынтығында сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру

Бағаланатын кезеңге талдау жасауға арналған құжаттар: бағаланатын кезеңге арналған қосымша сабақтардың әзірленген және бекітілген кестесі.

Талдау нәтижесі: 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдары бойынша оқушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін жүзеге асыруды қамтамасыз ететін сабақтан тыс іс-әрекеттің өткізілу кестелері мен үйірмелер, секциялар бойынша әзірлеген жоспарлар, оқушылардың жетістігін дәлелдейтін құжаттар көрсетілген. Үйірме, секциялардың жүргізілуін «Күнделік.кз» электронды журналынан көруге болады.

2021-2022 оқу жылы 7-8-9-сыныптарда «Жас өркен» театры, жетекшісі Ғ.Д.Ғазизов, әр сыныпта 1 сағаттан, апталық сағат саны-7, жылдық жүктеме сағаты -238с; «Робототехника», жетекшісі Г.Н.Жұмағалиева, әр сыныпта 1 сағаттан, апталық сағат саны-7, жылдық жүктеме сағаты -238с; «Вокал», жетекшісі Тойшыбекова, әр сыныпта 1 сағаттан, апталық сағат саны -7, жылдық жүктеме сағаты - 238 сағат және қазақ тілінде оқытатын 10-11-сыныптарда «Дебат» апталық сағат саны - 1 сағат, жылдық жүктеме сағаты - 34 сағат, «Хореография» апталық сағат саны – 2 сағат, жылдық жүктеме сағаты-68 сағат, «Цифрлік журналист» апталық сағат саны - 5, жылдық жүктеме сағаты - 170 сағат, «Тіл» үйірмесі апталық сағат саны-3 сағат, жылдық жүктеме сағаты-102 сағат, оқыту орыс тілінде жүргізілетін 7 - «Б», 8 - «Б», 10 - «Б», 11- «Б» - сыныптарында «Лаборатория химии» апталық сағат саны – 2 сағат, жылдық жүктеме сағаты - 68 сағат, «Жас ғалым» апталық сағат саны – 2 сағат, жылдық жүктеме сағаты - 68 сағат, «Домбыра» апталық сағат саны – 2 сағат, жылдық жүктеме сағаты-68 сағат, «Театральная студия» апталық сағат саны – 2 сағат, жылдық жүктеме сағаты – 68 сағат үйірмелер жүргізілген.

2022-2023 оқу жылы шығармашылық және зерттеушілік жұмыс төмендегі үйірмелер арқылы жүзеге асырылған. Олар:

1. «Жас өркен» театры, жетекшісі Ғ.Д.Ғазизов,
2. Робототехника, жетекшісі Жұмағалиева Г.Н,
3. Вокал, жетекшісі Муканова Г.Б,

4. Домбыра, жетешісі Есмаганбетова Б.Н,
5. Хореография, жетекшісі Есмаганбетова Б.Н
6. Дебат клубы, жетекшісі Спанова А.К,
7. Поэзия клубы, жетекшісі Ж.Кулмаганбетова.
8. «Жас тілші» жетекшісі Газизов Г, Д
9. «Жас қаржыгерлер», жетекшісі Шамуратова Р.Ш,
10. Дебат клубы, «Ділмар» шешендік клубы

2023-2024 оқу жылы төмендегідей үйірмелер өткізілген

Үйірмелер	2023-2024 жыл						Сағат саны	Апталық сағат саны	Жылдық
	Сынып								
Театр студиясы	8 «Ә»	9 «А»	9 «Ә»	9 «Б»	10«А» 10«Ә»	11 «А» 11«Ә»	1	8	272
Шахмат	7 «А»	7 «Ә»	8«А»	10«А» 10«Ә»	11«А»	11 «Ә»	1	7	238
Работотехника	7«А» 7«Ә»	8«А» 8«Ә»	9«А» 9«Ә» 9«Б»	-	-	-	1	7	238
Математика қоғамдастығы	8 «А»	8 «Ә»	9«А» 9«Ә» 9«Б»	-	-	-	1	5	170
Домбыра	7«А» 7«Ә»	8«А» 8«Ә»	9«А» 9«Ә» 9«Б»	-	-	-	1	7	170
Жас эколог	7«А» 7«Ә»	-	-	-	-	-	1	2	68
Туризм үйірмесі	-	-	-	-	11«А»	11 «Ә»	1	2	68
Бизнес негіздері	-	-	-	-	11«А»	11 «Ә»	1	2	68
Программалау мектебі	-	-	-	10«А» 10«Ә»			2	4	136

Осылайша, 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарында сабақтан тыс іс-әрекеттер білім беру ұйымының басшысымен бекітілген кестесінің негізінде ұйымдастырылып өткізілгенін электронды журналдардан және сабақтан тыс жұмыстардың кестелері бойынша жүргізілетіні анықталды.

Қорытынды: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген «Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының» (3 қосымшасы) 2-тарау 16-тармағына, «Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» (4-қосымша) 2-тарау 17-тармағына сәйкес келеді.

5. Білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып, бейінді оқытуды іске асыру (оқытудың тереңдетілген және стандартты деңгейі)

Бағаланатын кезең үшін талдауға арналған құжаттар: бағаланатын кезең үшін әзірленген және бекітілген оқу жұмыс жоспары

Талдау нәтижесі: осы өлшем бойынша 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылының білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктерін ескере

отырып, бейінді оқытуды іске асыруда оқытудың тереңдетілген және стандартты деңгейін білім беру ұйымы жалпы орта білім беру бағдарламасы арқылы жүзеге асырады.

2021-2022 оқу жылында оқыту тілі қазақ тілінде жүргізілетін 10-сынып жаратылыстану-математикалық бағытта оқытылған. 10 «А», 10 «Ә» сыныптарында тереңдетіліп оқытуға «Биология» пәні 2 сағаттан бөлінсе, «Химия» -2 сағат, «Физика» - 2 сағат. 11- сыныптарда «Химия» -2 сағат, «Физика» - 2 сағат бөлінген.

2022-2023 оқу жылында оқыту тілі қазақ тілінде жүргізілетін 10-11 сынып оқушылары жаратылыстану-математикалық бағытта оқытылған. «Алгебра» - 2 сағат, «География» - 4 сағат, «Физика» - 2 сағат. Оқыту тілі қазақ тілінде жүргізілетін 11 сынып жаратылыстану-математикалық бағытта «Химия» - 4 сағат, «Физика» - 2 сағат таңдалған.

2023-2024 оқу жылдарында 10-11 сыныптарда оқушылардың болашақ мамандық таңдауына бағытталған бейінді пәндері ескеріп және білім алушыларды пәндерді тереңдетіп оқыту ғылыми танымдық дағдыларын дамыту пәндік зияткерлік сайыс олимпиадаларға дайындау мақсатында алгебра, физика, химия, биология, геометрия пәндерінен дайындық курстары жүзеге асқан.

Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10 «А» сыныбында «Математикалық анализ» - 2 сағат, «Геометрия» - 2 сағат. «Физика-техникалық модельдеу» - 4 сағат, 10 «А» сыныбында «Ақпараттық жүйемен жұмыс» - 2 сағат. «Физика-техникалық модельдеу» - 2 сағат, 11 «А» сыныбында «Химиялық кинетикалық теория» - 4 сағат, «Нанотехнологиялар» - 4 сағат, 11 «Ә» сыныбында «Математикалық анализ» - 2 сағат, «Геометрия» - 2 сағат, «Физика – техникалық модельдеу» - 4 сағат таңдалған.

Қорытынды: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген «Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» (4-қосымша) 2-тарау 14, 39 тармағына сәйкес келеді.

6. Ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін және жеке мүмкіндіктерін ескере отырып оқыту процесін ұйымдастыру

Бағаланатын кезең үшін талдауға арналған құжаттар: бағаланатын кезең үшін ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушылар үшін әзірленген және бекітілген жеке оқу жоспарлары және/немесе бағдарламалар (бар болса).

Талдау нәтижесі: Білім беру ұйымдарында ерекше білім алу қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктері бар білім алушылардың жоқтығы анықталды.

Қорытынды: Талдаудың нысаны жоқ.

7. ҮОЖ сәйкес жүзеге асырылатын вариативтік компоненттің факультативтері мен таңдау курстарын іске асыру.

Бағаланатын кезең үшін талдауға арналған құжаттар: бағаланатын кезең үшін вариативті компоненттің әзірленген және бекітілген сабақ кестесі

Талдау нәтижесі: осы өлшем бойынша 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарына арналған күнтізбелік-тақырыптық жұмыс жоспарлары,

сыныптан тыс сабақтың кестесі мен Kundelik.kz электронды журналы бойынша зерделенді.

2021-2022 оқу жылында 7-9 сыныптардың оқу жоспарына вариативті компонент есебінен оқушылардың шығармашылық және ғылыми-зерттеушілік қабілеттерін дамыту мақсатында және дарынды балалармен жеке және топтық жұмыстарды жүзеге асыру үшін «Сындарлы ойлау және эмоционалды интеллект», «Медиасауаттылық», «Зайырлылық және дінтану негіздері», «Абайтану», «Ағылшын тілінен жазба жұмыстарын жүргізу», «Биохимия», «Қазақ әдебиетінің тереңдетілген курсы», «Биологиядан практикалық жұмыстар», «Ақпараттық жүйелер» элективті курстары таңдалған.

10-11 сыныптарда «Математикалық анализ», «Географиялық есептерді шығару жолдары», Генетика», «Абайтану», «Химия», оқыту орыс тілінде жүргізілетін сыныптарда «Углубленный курс истории», «Химия», «Подготовка к международному экзамену» элективті курстары жоспарланған.

2022-2023 оқу жылында оқыту мемлекеттік тілде жүргізілетін 7-11 сыныптардың оқу жоспарындағы вариативтік сағаттарға: 7 «А» және 7 «Ә» - «Жаһандық құзыреттілік» аптасына - 0,5 сағат. «Абайтану» - 1 сағат, Ағылшын тілі «Елтану сабағы» - 1 сағат, «Биология» - 1 сағат, «География» - 1 сағат жоспарланған.

8 «А», 8 «Ә», 8 «Б» сыныптарында «Жаһандық құзыреттілік» сыныптарда аптасына – 0,5 сағат, «Абайтану» - 1 сағат, Ағылшын тілі «Елтану сабағы» - 1 сағат, «Биология» - 1 сағат, «География» - 1 сағат жоспарланған.

8 «В» сыныбында аптасына «Глобальные компетенции» - 0,5 сағат, «Қазақ тілінен эссе жазу шеберлігі»- 1 сағат, «Углубленный курс истории» - 1 сағат, «Абайтану» - 1 сағат, «Химия» - 1 сағат, «Биология» - 1 сағат жоспарланған.

9 «А», 9 «Ә» сыныптарында аптасына «Жаһандық құзыреттілік» -1 сағат, «Абайтану» - 1 сағат, Ағылшын тілі «Елтану сабағы» - 1 сағат, «Биология» - 1 сағат, «География» - 1 сағат жоспарланған.

9 «Б» сыныбында аптасына «Глобальные компетенции» - 1 сағат, «Қазақ тілінен эссе жазу шеберлігі»- 1 сағат, «Углубленный курс истории» - 1 сағат, «Абайтану»- 1 сағат, «Химия»- 1 сағат, «Биология»- 1 сағат, «Робототехника»- 1 сағат жоспарланған.

10 «А», 10 «Ә» сыныптарында аптасына «Жаһандық құзыреттілік» - 1 сағат, «Математикалық анализ» - 1 сағат, «Тереңдетілген биология» курсы 1 сағат «Қазақстан тарихынан ҰБТ-ға дайындық» курсы 1сағат, «Эссе, оның түрлері, бағалауға қойылатын талаптары, өлшемдері» - 1 сағат, «Тапсырмалар мен жаттығулардағы химия»- 1 сағат, «Әлем әдебиеті»- 1 сағат жоспарланған.

11 «А» 11 «Ә» сыныптарында аптасына «Жаһандық құзыреттілік» -1 сағат, «Математикалық анализ»- 1 сағат, «Тереңдетілген биология» курсы 1сағат «Қазақстан тарихынан ҰБТ-ға дайындық» курсы 1сағат, «Эссе, оның түрлері, бағалауға қойылатын талаптары, өлшемдері» - 1сағат, «Тапсырмалар мен жаттығулардағы химия» - 1 сағат, «Әлем әдебиеті» - 1 сағат жоспарланған.

11 «Б» сыныбында аптасына «Глобальные компетенции» - 1 сағат, «Культурология» - 1 сағат, «Экономика»- 1 сағат, «Ключевые задачи по

алгебре»- 1 сағат, «Методы решения сложных задач по физике» - 1 сағат, «Абайтану» - 1 сағат жоспарланған.

7-11 сыныптарға сабақтан тыс шығармашылық және ғылыми зерттеу жұмыстары бірнеше үйірмелер жоспарланған.

7 «А» және 7 «Ә» сыныптарына аптасына «Жас өркен» театры 1 сағат, «Вокал»- 1 сағат, «Домбыра»- 1 сағат, «Поэзия клубы»- 1 сағат жоспарланған.

8 «А» 8 «Ә» 8 «Б» сыныптарында аптасына «Жас өркен» театры 1 сағат, «Вокал» - 1 сағат, «Домбыра» - 1 сағат, «Жас тілші» үйірмесі 1 сағат жоспарланған.

8 «В» сыныбында аптасына «Робототехника» - 2 сағат, «Клуб кинолюбовь» - 1 сағат, «Искусствоведение» - 1 сағат жоспарланған.

9 «А» 9 «Ә» сыныптарында аптасына «Жас өркен» театры 1 сағат, «Робототехника» - 1 сағат, «Вокал» - 1 сағат, «Домбыра» - 1 сағаттан жоспарланған.

9 «Б» сыныбында аптасына «Робототехника» - 2 сағат, «Клуб кинолюбовь» - 1 сағат, «Искусствоведение» - 1 сағат жоспарланған.

10 «А» 10 «Ә» сыныптарында аптасына «Хореография» - 1 сағат, «Жас қаржыгерлер» клубы 1 сағат, «Ділімәр шешендік» клубы 1 сағат, «Дебат» - 1 сағат жоспарланған.

11 «А» 11 «Ә» сыныптарында аптасына «Хореография» - 1 сағат, «Жас қаржыгерлер» клубы 1 сағат, «Ділімәр шешендік» клубы 1 сағат, «Дебат» - 1 сағат жоспарланған.

11 «Б» сыныбында аптасына «Радиотехника» - 1 сағат, «Клуб биотехнологии» - 1 сағат, «Дебат» - 2 сағат жоспарланған.

2022-2023 оқу жылдары бойынша үйірме және вариативтік сабақтарының жүзеге асырылғаны күнтізбелік-тақырыптық жұмыс жоспарлары мен кестесі Kundelik.kz электронды журналдары арқылы анықталды.

2023-2024 оқу жылында оқыту мемлекеттік тілде жүргізілетін 7-11 сыныптардың оқу жоспарындағы вариативтік сағаттарға: 7 «А» және 7 «Ә» - «Жаһандық құзыреттілік» аптасына - 0,5 сағат. «Тіл дамыту және сөйлеу мәдениеті» - 1 сағат, «C++ бағдарламалау тілімен жұмыс» курсы 1 сағат, «Биоалуантүрлілік жанашырлар»- 1 сағат, «Әлемге саяхат (География)»- 1 сағат жоспарланған.

8 «А» 8 «Ә» сыныптарында «Жаһандық құзыреттілік» аптасына - 0,5 сағат. «Тіл дамыту және сөйлеу мәдениеті» - 1 сағат, «C++ бағдарламалау тілімен жұмыс» курсы 1 сағат, «Биоалуантүрлілік жанашырлар» - 1 сағат, «Әлемге саяхат (География)» - 1 сағат жоспарланған.

9 «А», 9 «Ә», 9 «Б» сыныптарында аптасына «Жаһандық құзыреттілік» аптасына - 0,5 сағат. «Тіл дамыту және сөйлеу мәдениеті» - 1 сағат, «Елтану Ағылшын тілі» курсы 1 сағат, «Биоалуантүрлілік жанашырлар» - 1 сағат, «Әлемге саяхат (География)»- 1 сағат жоспарланған.

9 «В» сыныбында аптасына «Глобальные компетенции» - 1 сағат, «Решение сложных задач по алгебре» - 1 сағат, «Учебный курс Биология» - 1 сағат, «Абайтану» - 1 сағат, «Постижение истории через культуру»- 1 сағат, «За страницами учебника География» - 1 сағат, «Робототехника» - 1 сағат жоспарланған.

10 «А», 10 «Ә» сыныптарында аптасына «Жаһандық құзыреттілік» аптасына - 1 сағат, «Этногеография» 1 сағат, «Биологиялық моделдер және қолданбалы есептер» -1 сағат, «Мәтінге лингвистикалық кешенді талдау (Қазақ тілі)»- 1 сағат, «Химиялық эксперименттік есептерді шешу»- 1 сағат, «Іскерлік ағылшын тілі»- 1 сағат, «Әлем әдебиеті (Орыс тілі)» - 1 сағат жоспарланған.

10 «Б» сыныбына аптасына «Глобальные компетенции» - 1 сағат, «Химия» - 1 сағат, «Биология» - 1 сағат, «Ключевые задачи по алгебре» - 1 сағат, «Углубленная География» - 1 сағат, «Мировая литература» - 1 сағат жоспарланған.

11 «А» 11 «Ә» сыныбында аптасына «Жаһандық құзыреттілік» аптасына - 1 сағат, «Топография және картаграфия негіздері» 1 сағат, «Биологиялық моделдер және қолданбалы есептер»- 1 сағат, «Қазақстан тарихынан ҰБТ-ға дайындық курсы» - 1 сағат, «Мәтінге лингвистикалық кешенді талдау (Қазақ тілі)» - 1 сағат, «Химиялық эксперименттік есептерді шешу»- 1 сағат, «Іскерлік ағылшын тілі» - 1 сағат жоспарланған.

7-11 сыныптарға сабақтан тыс шығармашылық және ғылыми зерттеу жұмыстары бірнеше үйірмелер жоспарланған.

7 «А» және 7 «Ә» сыныптарына аптасына «Шахмат» - 1 сағат, «Робототехника. 3 D моделдеу»- 1 сағат, «Домбыра»- 1 сағат, «Жас эколог»- 1 сағат жоспарланған.

8 «А» сыныбында аптасына «Шахмат» - 1 сағат, «Робототехника»- 1 сағат, «Математиктер оқушылар қоғамдастығы» - 1 сағат, «Домбыра» - 1 сағат жоспарланған.

8 «Ә» сыныбында аптасына «Театр студиясы» - 1 сағат, «Робототехника. 3 D моделдеу»- 1 сағат, «Математиктер оқушылар қоғамдастығы» - 1 сағат, «Домбыра» - 1 сағат жоспарланған.

9 «А» 9 «Ә» 9 «Б» сыныптарында аптасына «Театр студиясы» - 1 сағат, «Робототехника. 3 D моделдеу» - 1 сағат, «Математиктер оқушылар қоғамдастығы» - 1 сағат, «Домбыра» - 1 сағат жоспарланған.

9 «В» сыныбында аптасына «Робототехника» - 2 сағат, «Мировая литература» - 2 сағат жоспарланған.

10 «А» 10 «Ә» сыныптарында аптасына «Театр үйірмесі» - 1 сағат, «Шахмат» 1 сағат, «Программалау мектебі» - 2сағат, жоспарланған.

10 «Б» сыныбына аптасына «Решение задач по алгебре» - 1 сағат, «Кружок секреты публичного выступления» - 1 сағат, «Дебаты на английском языке» - 1 сағат, «Оқырмандар» клубы 1 сағат жоспарланған.

11 «А», 11 «Ә» сыныптарында аптасына «Театр үйірмесі» - 1 сағат, «Туризм үйірмесі» - 1 сағат, «Шахмат» - 1 сағат, «Бизнес негіздері қоғамы» - 1 сағат жоспарланған.

2023-2024 оқу жылдары бойынша үйірме және вариативтік сабақтарының жүзеге асырылғаны күнтізбелік-тақырыптық жұмыс жоспарлары мен кестесі Kundelik.kz электронды журналдары арқылы анықталды.

Қорытынды: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген «Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының» (3-қосымшасы) 3-тарау 41 тармағына, «Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті

стандарты» (4-қосымша) 3-тарау 31 тармағына сәйкес келеді.

8. "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" міндетті оқу курсының игеру;

Бағаланатын кезеңге талдау жасауға арналған құжаттар: оқу пәндері бойынша күнтізбелік-тақырыптық жоспарлар, сынып журналдары ("Білімал" немесе "Күнделік" АЖ-дан түсіру).

Талдау нәтижесі: 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарына арналған күнтізбелік-тақырыптық жоспарлары және «Күнделік» электронды журналы қаралды.

2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарында «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсының 7-11 сыныптарда оқытылғанын дене шынықтыру, «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» мұғалімдерінің күнтізбелік-тақырыптық жоспарларында қарастырылған.

2023-2024 оқу жылында «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсының мазмұны 7-9-сыныптарда дене шынықтыру оқу курсының аясында 15 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен дене шынықтыру мұғалімінің оқытуымен іске асырылғаны анықталды. Дене шынықтыру пәні мұғалімдерінің күнтізбелік жоспарында және электронды журналға кіргізілген.

10-11 сыныптарда «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсының мазмұны «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» оқу курсының аясында 12 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен алғашқы әскери дайындық пәнінің оқытушы-ұйымдастырушыларының оқытуымен іске асырылғаны анықталды. «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсының мазмұны «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәнін жүргізу барысында тақырыптары «Күнделік КЗ» журналына енгізілген.

Қорытынды: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген «Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының» (3-қосымшасы) 2-тарау 56 тармағына, «Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» (4-қосымша) 4-тарау 50 тармағына сәйкес келеді.

9. «Жолда жүру ережелері» міндетті оқу курсының іске асыру

Талдауға арналған құжаттар бағаланатын кезең: оқу пәндері бойынша күнтізбелік-тақырыптық жоспарлар, сынып журналдары ("Білімал" немесе "Күнделік" АЖ-дан жүктеу).

Талдау нәтижесі: 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарында «Жолда жүру ережелері» 7-8 сыныптарда 10 сағат көлемінде сынып сағатына кіріктіріле отырып жүргізілген.

«Жолда жүру ережелері» 7-8 сыныптардың сынып сағаттарында кіріктіріліп өткізіледі. Мектеп директорының қолымен және мектеп мөрімен бекітілген жоспар құрылған. Әр сыныпта жылына 10 сағат жоспарланған. 7 -8 сыныптарында «Күнделік.kz» журналында тақырыптар енгізілген.

Қорытынды: Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген «Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының» (3-қосымшасы 2-тарау 38 тармағына сәйкес келеді.

10. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы № 473 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілер тізілімінде № 30721 болып тіркелген) бастауыш, негізгі орта,

жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, діни білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін (бұдан әрі – біліктілік талаптары) сақтау

Білім беру ұйымы бекіткен және білім беру басқармасы органымен келісілген әдістемелік ұсынымдарға 9,10, 11, 12-қосымшалар түгендеу тізімдемесі, шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару немесе ғимараттарға сенімгерлік басқару құқығын растайтын құжат немесе ғимаратқа жалдау шарты, Денсаулық сақтау ұйымдарымен медициналық қызмет көрсетуге шарт (шағын жинақты мектептер үшін), Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы уәкілетті органның санитариялық-эпидемиологиялық қорытындысы немесе білім алушыларды Санитариялық қағидаларға сәйкес тамақпен қамтамасыз етуге арналған шарт, өрт қауіпсіздігі саласындағы сәйкестікті тексеру нәтижесі туралы акт/хат, бейнебақылау жүйесіне техникалық қызмет көрсетуге арналған шарт.

1) Тиісті бейіндер бойынша педагогикалық білімі немесе педагогикалық қайта даярлаудан өтумен кәсіптік білімі бар оқу жұмыс жоспарының пәндеріне сәйкес педагогтердің болуы:

Талдау нәтижесі: осы критерий бойынша талдау үшін ұсынылған құжаттарды зерделеуде, 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарына арналған педагогтармен жасақталуы туралы мәліметтер қарастырылды. Білім беру ұйымының ұсынған өзін-өзі бағалау парағы мен педагогтердің сапалық кестесі бойынша 2021-2022 оқу жылында 37 педагог, оның ішінде жоғары білімді педагог –34, орта арнаулы білімді педагог–3;

2022-2023 оқу жылында 40 педагог, жоғары білімді педагог – 38, орта арнаулы білімді педагог – 2;

2023-2024 оқу жылында барлығы 38 педагог қызмет атқарады, оның ішінде жоғары білімді педагог – 36, орта арнаулы білімді педагог – 2.

Тиісті бейіндер бойынша педагогикалық білімі беретін пәніне сәйкес келмейтін мұғалімдер жоқ.

Осылайша, тиісті бейіндер бойынша педагогикалық білімі бар оқу жұмыс жоспарының пәндеріне сәйкес педагогтердің болуы талаптары сақталған.

жоғары және бірінші санаттағы педагогтердің, сарапшы-педагогтердің, зерттеуші-педагогтердің, негізгі жұмыс орны лицензиат болып табылатын шебер-педагогтердің үлесі шағын жинақты мектептер үшін Бастауыш білім беру деңгейіндегі педагогтердің жалпы санынан кемінде 20 %; жалпы білім беретін мектептер, мектеп-гимназиялар, мектеп-лицейлер үшін кемінде 25%; гимназиялар үшін кемінде 30 %:

Талдау нәтижесі: Мектеп-лицейде бастауыш сыныптар жоқ.

Қорытынды: Талдаудың нысаны жоқ.

3) *Негізгі орта білім беру деңгейіндегі педагогтердің жалпы санынан негізгі жұмыс орны лицензиат болып табылатын жоғары және бірінші санаттағы педагогтердің, педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің, педагог-шеберлердің үлесі шағын комплектілі мектептер үшін кемінде 25 %; жалпы білім беретін мектептер, мектеп-гимназиялар, мектеп-лицейлер үшін кемінде 35 %; лицей үшін 40 %-дан кем емес, оның ішінде жаратылыстану-математикалық бағыттағы педагогтердің үлесі 30 %-дан кем емес; гимназиялар үшін кемінде 40 %, оның ішінде қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы педагогтердің үлесі кемінде 30 %; дарынды тұлғаларға арналған мамандандырылған білім беру ұйымдары үшін кемінде 45 %, оның ішінде аудандық және/немесе облыстық конкурстар мен жарыстар кезеңдерінің жеңімпаздарын және/немесе білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен соңғы бес жылдағы республикалық конкурстар мен жарыстардың қатысушылары мен жеңімпаздарын дайындаған педагогтер (болған жағдайда).*

Талдау нәтижесі: осы критерий бойынша талдау үшін ұсынылған құжаттарды зерделеуде негізгі орта білім беру деңгейіндегі педагогтердің сапалық құрамы қарастырылды.

Негізгі орта білім беру деңгейіндегі педагогтердің сапалық құрамы:

№	Оқу жылдары	Жалпы мұғалімдер саны	Біліктілік санаты					%
			Жоғары санат	I санат	Педагог-сарапшы	Педагог-зерттеуші	Педагог-шебер	
1	2021-2022	13 штаттық 4-қоса атқарушы	1	0	3- штаттық 2-қоса атқарушы	3- штаттық 1-қоса атқарушы	1- штаттық	47
2	2022-2023	14 штаттық 4-қоса атқарушы	1	0	3	4- штаттық 2-қоса атқарушы	1- штаттық	50
3	2023-2024	12 - штаттық 2 - қоса атқарушы	1	0	2	4- штаттық 1- қоса атқарушы	1- штаттық	50

2021-2022 оқу жылы 7-9 сыныптарда 17 мұғалім сабақ берді. Педагог-зерттеуші –4, педагог-сарапшы– 3 мұғалім, педагог-шебер – 1 мұғалім. Негізгі орта білім деңгейі–47 %, 2022-2023 оқу жылы 7-9 сыныптарда 18 мұғалім сабақ берді. Педагог- зерттеуші –4, педагог-сарапшы– 3 мұғалім, педагог-шебер – 1 мұғалім, жоғарғы санат – 1 мұғалім. Негізгі орта білім деңгейі–50 %, 2023-2024 оқу жылдары 7-9 сыныптарда 14 сабақ берді. Педагог-зерттеуші- 4, педагог-сарапшы - 2 мұғалім, жоғарғы санат – 1 мұғалім.

4) Тиісті бейіндер бойынша педагогикалық білімі немесе педагогикалық қайта даярлаудан өтумен кәсіптік білімі бар оқу жұмыс жоспарының пәндеріне сәйкес педагогтердің болуы. Жалпы орта білім беру деңгейіндегі педагогтердің жалпы санынан негізгі жұмыс орны лицензиат болып табылатын жоғары және бірінші санаттағы педагогтердің, педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің, педагог-шеберлердің үлесі шағын комплектілі мектептер үшін кемінде 25 %; жалпы білім беретін мектептер, мектеп-гимназиялар, мектеп-лицейлер үшін кемінде 35 %; лицей үшін 40 %-дан кем емес, оның ішінде жаратылыстану-математикалық бағыттағы педагогтердің үлесі 30 %-дан кем емес; гимназиялар үшін кемінде 40 %, оның ішінде қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы педагогтердің үлесі кемінде 30 %; дарынды тұлғаларға арналған мамандандырылған білім беру ұйымдары үшін кемінде 45 %, оның ішінде аудандық және/немесе облыстық конкурстар мен жарыстар кезеңдерінің жеңімпаздарын және/немесе білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен соңғы бес жылдағы республикалық конкурстар мен жарыстардың қатысушылары мен жеңімпаздарын дайындаған педагогтер (болған жағдайда).

Талдау нәтижесі: осы критерий бойынша талдау үшін ұсынылған құжаттарды зерделеуде жалпы орта білім беру деңгейіндегі педагогтердің сапалық құрамы қарастырылды.

Жалпы орта білім беру деңгейіндегі педагогтердің сапалық құрамы:

№	Оқу жылдары	Жалпы мұғалімдер саны	Біліктілік санаты					%
			Жоғары санат	I санат	Педагог-сарапшы	Педагог-зерттеуші	Педагог-шебер	
1	2021-2022	12- штаттық 2-қоса атқарушы	0	0	2	5	1- штаттық 1-қоса атқарушы	57
2	2022-2023	15- штаттық 2-қоса атқарушы	0	0	2	6	1- штаттық	47
3	2023-2024	17- штаттық 1-қоса атқарушы	0	0	5	5	1- штаттық	55

10-11 сыныптарда 2021-2022о.ж - 14, 2022-2023о.ж - 17, 2023-2024о.ж - 18 мұғалім сабақ берген. Жалпы орта білім беру деңгейіндегі педагогтердің жалпы санынан лицензиат негізгі жұмыс орны болып табылатын жоғары және бірінші санаттағы педагогтердің, педагог-сарапшы, педагог-зерттеуші, педагог-шебер үлесі соңғы 3 жылда 47-55% аралығын қамтиды.

Республикалық деңгейдегі мұғалімдердің жетістіктері төмендегідей деңгейде: 2021 жылы Макурина Елена Валентиновна, тарих пәнінің мұғалімі, «Қазақстан тарихы» оқулығының авторы, «Үздік авторлық бағдарлама» сайысының жеңімпазы атанып, 3-орынға ие болған. Косыбай Айнұр Қалтайқызы «ТМД үздік жас ғалымы-2022» халықаралық жобасында II орынға ие болған. «ТМД үздік жас ғалымы-2022» ғылым және білім дамуына қосқан үлесі үшін №125 төсбелгісімен марапатталған. 2022 жылы "Педагогикалық идеялар фестивалі" республикалық байқауында қазақ тілі мен әдебиетінің мұғалімі Құлмағанбетова Жанар Тасболатқызы грамотамен марапатталған, 2023 жылы Мұқатай Мұқит химия пәнінің мұғалімі «Үздік педагог» марапатына ие болған.

Облыстық деңгейдегі мұғалімдердің жетістіктері төмендегідей деңгейде: «Үздік педагог-2020» - Құлмағанбетова Жанар Тасболатқызы 3-орын, "Педагогикалық идеялар фестивалі" республикалық байқауының облыстық кезеңі 1-орын.

2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарында республикалық конкурстар мен жарыстардың қатысушылары мен жеңімпаздарын дайындаған педагогтер: Кумекбаева Ляззат Утебаевна, Муканова Татьяна Павловна, Тойшыбекова Дамеш Жаханқызы, Мұқатай Мұхит, Саликова Динара Умирбековна, Бужбанова Раукен Курманғалиевна, Құлмағанбетова Жанар Тасболатқызы, Спанова Айгерим Казбековна, Косыбай Айнұр Қалтайқызы.

Осылайша, білім беру ұйымындағы жалпы орта білім беру деңгейіндегі педагогтердің сапалық құрамы туралы мәліметтер осы біліктілік талаптарына сәйкес келетіні анықталды.

- 1) 44 бұйрықпен бекітілген нормаларға және № 216 бұйрықпен бекітілген оқулықтар тізбесіне сәйкес оқу және көркем әдебиеттің кітапханалық қорының болуы.

Талдау нәтижесі: осы критерий бойынша талдау үшін ұсынылған құжаттарды зерделеуде, 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарында білім беру ұйымының кітапханасы мен кітапхана қоры туралы мәліметтер зерделенді.

Ақмола облысы білім басқармасының «Астана қаласының № 2 «Дарын» облыстық мамандандырылған мектеп-лицей- интернаты» КММ-де кітапхана бар. Жалпы ауданы – 111,3 ш.м., қойма – 5 ш. м. 30 орындық оқу залы бар. Өзін-өзі бағалауда берілген мәліметтерге сүйенсек, жалпы кітапхана қоры: 8447

түскен жылы	барлығы келіп түскені		оқулықтар		Көркем әдебиет	
	дана	сомасы	дана	сомасы	дана	сомасы
2021	968	2648634	968	2648634		
2022	1701	2243892	695	1740140	1006	503752
2023					103	544711

Осылайша, білім беру ұйымындағы «Мемлекеттік білім беру ұйымдары кітапханаларының қорын қалыптастыру, пайдалану және сақтау жөніндегі қағидаларды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 19 қаңтардағы № 44 бұйрығымен бекітілген нормаларға сәйкес оқу және көркем әдебиет кітапханалық қорының талаптарына сәйкес келетіні анықталды.

б) Ғимараттардың (оқу корпустарының) жабдықталған медициналық пункттермен қамтамасыз етілуі. Медициналық қызметке лицензияның немесе № 141 бұйрыққа сәйкес балаларға медициналық қызмет көрсету құқығымен Медициналық қызметке лицензиясы бар денсаулық сақтау ұйымымен шарттың болуы.

Талдау нәтижесі: осы критерий бойынша талдау үшін ұсынылған құжаттарды зерделеуде, білім беру ұйымының медициналық қызметке 2010 жылғы 27 қарашада № 10506 DZ лицензия берілген, аталған лицензия негізінде білім алушыларға қызмет көрсетуді жүзеге асырады. Медициналық кабинеттің ауданы 60,78 ш.м, 4 орындық 2 оқшаулағыш бар. Медициналық кабинет жабдықталған. Дәрігер-педиатр Амирханова С.Т., жоғары білімді, санаты жоқ. Медбике-Мерекова В.А., арнайы орта білім, санаты жоғары.

7) Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті органның санитариялық-эпидемиологиялық қорытындысы немесе № ҚР ДСМ-76 бұйрыққа сәйкес бекітілген білім алушыларды тамақпен қамтамасыз етуге арналған шарт негізінде ғимараттарда (оқу корпустарында) білім алушыларға арналған тамақтандыру объектісінің болуы:

Талдау нәтижесі: осы критерий бойынша талдау үшін ұсынылған құжаттар зерделенді.

Мектеп асханасының сәйкестігі туралы ҚР ДСМ МСЭЖК-нің Ақмола облысы білім басқармасының «Астана қаласының № 2 «Дарын» облыстық мамандандырылған мектеп-лицей-интернаты» КММ мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау басқармасының 2011 жылғы 02 қараша № 03-2-77 ұйғарымы туралы мәлімет берілген. Асхана ауданы – 98 м²., 76 орындық. Асхана жабдықтармен және жиһазбен жабдықталған.

Осылайша, білім беру ұйымында № ҚР ДСМ бұйрығымен бекітілген санитариялық қағидаларға сәйкес 2011 жылғы 02 қарашадағы №03-2-361 қорытындысы негізінде білім алушыларды тамақпен қамтамасыз ету жүзеге асырылатыны анықталды.

8) меншікті не шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару не сенімгерлік басқару құқығында тиесілі материалдық активтердің болуы немесе № ҚР ДСМ-76 бұйрықпен бекітілген санитариялық нормаларға және № 55 бұйрықпен бекітілген өрт қауіпсіздігі талаптарына сәйкес келетін оқу үй-жайларымен білім беру қызметтерінің сапасын қамтамасыз ететін, кемінде 10 жыл қолданылу мерзімімен материалдық активтерді жалға алу:

Талдау нәтижесі: осы критерий бойынша талдау үшін ұсынылған құжаттарды зерделеуде, № ҚР ДСМ-76 бұйрығымен бекітілген санитариялық қағидаларға сәйкес өрт қауіпсіздігі саласындағы сәйкестікті тексеру нәтижесі туралы 2024 жылғы 03 наурыздағы № 40 тексеру нәтижесі туралы акт ұсынылған. Актіде өрт қауіпсіздігін сақтау ережелерін бұзушылық анықталғаны көрсетілген. Алайда мектеп директоры тарапынан өрт қауіпсіздігін сақтау ережелерін бұзушылықтардың жойылғандығы туралы ақпарат ҚР Төтенше жағдайлар министрлігі Астана қаласының Төтенше жағдайлар департаменті Сарыарқа ауданының ТЖ басқармасы ММ-не жолданған.

Санитариялық нормаларға сәйкестігі бойынша мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау басқармасының 2011 жылғы 02 қарашадағы

№03-2-361 қорытындысында білім беру ұйымы санитариялық қағидаларына сай деп көрсетілген.

9) № 70 бұйрықпен бекітілген талаптарға сәйкес келетін компьютерлік сыныптармен, интернет желісіне қосылған компьютерлермен жабдықталуы;

- № 348 және № 385 бұйрықтарға сәйкес пәндік кабинеттермен, зертханалармен, спорт залдарымен жабдықталуы;

- шағын комплектілі мектептер үшін-физика, химия, биология пәндері бойынша оқу-зертханалық жабдықтардың болуы;

- edu. kz аймағында үшінші деңгейдегі домендік атаудың болуы;

- № 70 бұйрықпен бекітілген жабдықтар мен жиһаздардың болуы;

- № ҚР ДСМ-76-бұйрықпен бекітілген ауыз су бұрқақтарының болуы;

- ғимаратта № ҚР ДСМ-76 бұйрыққа сәйкес санитариялық тораптардың (унитаздар, қол жуғыштар) болуы;

- Мемлекеттік білім беру ұйымдары үшін № 32 және № 49 бұйрықтарға сәйкес білім беру ұйымдарының үй-жайларында және (немесе) іргелес аумақтарында бейнебақылаудың болуы.

Талдау нәтижесі: Осы критерий бойынша талдау үшін ұсынылған құжаттарды зерделеуде, білім беру ұйымының 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылындағы жабдықтармен және жиһазбен, компьютерлік сыныптармен, интернет желісіне қосылған компьютерлермен жабдықтау, оқу-зертханалық жабдықтардың және бейне бақылаудың болуы бойынша құжаттар қарастырылды.

Жабдықтар мен жиһазға жүкқұжаттардың көшірмелері және бухгалтерлік есептілік деректерінен негізгі құралдар тізбесі берілген. Өзін-өзі бағалау материалдарынан барлық кабинеттер қажетті жиһаздармен, тақталармен жабдықталғанын көруге болады. Мектепте 18 кабинет, оның ішінде 3 жаңа модификация кабинеті бар: физика (2007ж), биология (2008ж), химия (2013ж). Кабинеттер жиһазбен, компьютерлік техникамен, мультимедиялық жабдықтармен, оқу-әдістемелік материалдармен жабдықталғаны туралы көрсетілген.

Мектеп-лицей ғимараты – 2 қабатты, жатақхана - 2 қабатты. Ғимараттың ауданы - 2166 ш.м, мектеп ғимараты салынған жылы –1987 жыл, жатақхана 1976 жылы салынған. Мектеп-лицейде қойылған санитариялық тораптар: унитаздар-10, қол жуғыштар-8, қол кептіргіштер - 6 дана қойылған.

Өзін-өзі бағалау есебінде берілген мәліметтер бойынша №2 "Дарын" ОММЛИ КММ-де компьютерлік және интерактивті жабдықтар (компьютерлер, мультимедиялық жүйелер, интерактивті тақталар, бағдарламалық қамтамасыз етумен интерактивті кешендер, мобильді қондырғылар (Ноутбуктер жиынтығы), принтерлер, көпфункционалды құрылғылар, камера құжаты және веб-камера бар.

кабинет №	Кабинет атауы	Кабинет меңгерушісі	Ескерту
1	Информатика	Жумагалиева Г.Н.	11 дана компьютер, 1 дана интерактивті тақта
2	Информатика (Bilimland)	Полат М.Ж.	16 дана компьютер, 1 дана ноутбук, 1 дана интерактивті тақта
3	Робототехника	Полат М.Ж.	8 ноутбук, 3D принтер, LEGO конструкторлары

Компьютерлік техниканың атауы	жалпы, дана.	Оқу процесінде қолданылады, дана.
Компьютер	58	43

Ноутбук	53	42
Интербелсенді тақта	9	9
Сандық панель	2	2
Мультимедиялық жабдық (экран+проектор)	5	5
МФУ, принтер	25	10

Мектепте сыртқы бейнебақылау камералары – 27 дана, ҚІБ пультіне қосылған. Ішкі бейнебақылау камералары-15 дана орналасқан.

- Дабыл түймесі, ҚІБ қашықтан басқару пультіне шығу
- Турникет
- Металл детекторы.
- Күзетті мамандандырылған күзет фирмасы жүзеге асырады.

Тіркеуші және монитор 1 қабатта, күзет пунктінде орналасқан.

Мектеп кең жолақты интернетпен қамтамасыз етілген. 8 кіру нүктесі (ALTEL), қосылу жылдамдығы 80 мБит/с.

Денешынықтыру сабақтарын өткізу үшін «С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» базасындағы спорт кешенімен Меморандум жасалған.

Мектепке және жатақханаға 5 ауыз субұрқақтарының алынғаны туралы бухгалтерлік есебі және фото, бейне материалдары ұсынды.

<http://ns1.ps.kz/> серверінде <http://http://daryn2astana.edu.kz/> домендік атау тіркелген, қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы 2024 жылғы 16 ақпандағы №34 шарт берілген.

Осылайша, мектеп-лицей-интернатының материалдық-техникалық базасы талапқа сай келеді.

10) Қазақстан Республикасының "Педагог мәртебесі туралы" заңының 18-бабының 1-тармағына сәйкес тиісті бейіні бойынша үш жыл ішінде кемінде 36 сағат көлемінде педагогтердің және білім беру ұйымдарының басшы кадрларының біліктілігін арттыруды кемінде үш жылда бір рет қамтамасыз ету:

Талдау нәтижесі: осы критерий бойынша талдау үшін ұсынылған құжаттарды қарастыруда, 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылындағы педагогтердің біліктілігін арттыру туралы құжаттары зерделенді.

"Педагог мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 18-бабының 1-тармағына сәйкес тиісті бейіні бойынша үш жыл ішінде кемінде 36 сағат көлемінде педагогтердің және білім беру ұйымдарының басшы кадрларының біліктілігін арттыруды кемінде үш жылда бір рет қамтамасыз ету.

Педагог кадрлардың біліктілік арттырудан және қайта даярлаудан өткені туралы мәлімет:

Оқу жылдары	2021-2022	2022-2023	2023-2024
Біліктілік курстары	46 %	55%	66%

Әр жылда біліктілік арттыру және қайта даярлаудың курсынан өткен ұстаздар туралы ақпарат берілген.

Білім беру ұйымының басшысы Шамуратова Р.Ш. 2020 жылы, 2024 жылы басшы ретінде курстан өткен. Директордың бейіндік жұмыс жөніндегі орынбасары: Кульмаганбетова Ж.Т. 2022 жылы, бейіндік жұмыс жөніндегі орынбасары Жумагалиева Г.Н. 2024 жылы, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Дастурбаев Ш.У. 2024 жылы Есмаганбетова Ботакоз Нугербековна, басшының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары курстан өткен.

Білім ұйымның педагогтері курстан өткендігі туралы құжаттар ұсынылды.

Осылайша, педагогтердің және білім беру ұйымының басшы кадрларының біліктілігін арттыру курстарымен уақтылы қамтамасыз етілген.

11) № 570 бұйрықпен бекітілген білім беру мониторингі шеңберінде әкімшілік деректер нысандарына сәйкес контингент туралы өзекті дерекқорлары бар білім беруді басқарудың ақпараттық жүйесінің болуы және нақты деректердің ҰББД-на сәйкестігі. № 570 бұйрықпен бекітілген білім беру мониторингі шеңберінде әкімшілік деректер нысандарына сәйкес контингент туралы өзекті дерекқорлары бар білім беруді басқарудың ақпараттық жүйесінің болуы және нақты деректердің ҰББД-на сәйкестігі:

Талдау нәтижесі: осы критерий бойынша талдау үшін ұсынылған құжаттарды зерттеуде, білім беру ұйымының контингент туралы өзекті деректер базасы, ақпараттық жүйесінің болуы және нақты деректердің ҰБДБ-мен сәйкестігі зерделенді. Білім беруді басқарудың ақпараттық жүйесі талаптарға сай жүзеге асырылған. Ұсынылған ақпараттар ҰБДБ базасымен сәйкес келеді.

Оқу жылы	Сынып жиынтығы	Жалпы оқушылар саны	7-9 сынып		10-11 сынып	
			жиынтық	Оқушылар саны	жиынтық	Оқушылар саны
2021-2022	14	192	9	131	5	61
2022-2023	14	192	9	133	5	59
2023-2024	13	192	9	121	5	71

Осылайша, білім беру ұйымы ұсынған ақпараттар № 570 бұйрықпен бекітілген білім беру мониторингі шеңберінде әкімшілік деректер нысандарына сәйкес контингент туралы өзекті деректер базасы, білім беруді басқарудың ақпараттық жүйесі мен нақты деректердің ҰБДБ-мен сәйкестігі анықталды.

12) № 6 бұйрықпен бекітілген ғимараттарда (оқу корпустарында) ерекше білім беруді қажет ететін адамдар (балалар) үшін жағдайлар жасау (пандус, есіктер мен баспалдақтарды контрастты бояумен бояу):

Талдау нәтижесі: осы критерий бойынша талдау үшін ұсынылған құжаттар білім беру ұйымының ҰБДБ базасы бойынша зерделенді. "Білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 6 бұйрығына сәйкес мектепте ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар үшін жағдайлар жасалған. ҰБДБ базасының қосымшасында тактильді пандус, кіру алаңында және тайғанамайтын кіре беріс, бірінші және соңғы баспалдақтар боялған, екі жақты тұтқа орналастырылған.

Осылайша, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 6 бұйрығына сәйкес мектепте ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар үшін жағдайлар жасалғанын көруге болады.

Қорытынды: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» (2 қосымшасы) 2-тарау 27 тармағына, «Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының» (3-қосымшасы) 2-тарау 39 тармағына, «Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» (4-қосымша) 2-тарау 29 тармағына сәйкес келеді.

3. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің білім алушыларының оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне өлшемшарттар:

1) білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемінің сәйкестігі және сақталуы;

Бағаланатын кезеңді талдауға арналған құжаттар: бағаланатын кезеңдегі оқу жұмыс жоспары, оқу пәндері бойынша күнтізбелік-тақырыптық жоспарлар, сынып журналдары ("Білімал" немесе "Күнделік" ЭЖ-дан жүктеу).

Талдау нәтижесі: Осы өлшемшартты талдауда оқу жұмыс жоспары, оқу пәндері бойынша күнтізбелік-тақырыптық жоспарлар, сынып журналдары зерделенді.

2021-2022 оқу жылындағы оқу жұмыс жоспары Ақмола облысы білім басқармасы басшысы Б.Жүсіпов және Республикалық «Дарын» ғылыми-практикалық орталығының директоры Т.Нуркешовпен келісілген, Ақмола облысы білім басқармасының «Нұр-Сұлтан қаласының № 2 «Дарын» облыстық мамандандырылған мектеп-лицей-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры Б.Есмағанбетовамен бекітілген.

2021-2022 оқу жылында барлығы 14 сынып-жиынтығы бар. Қазақ тілінде оқытатын 11 сынып және орыс тілінде оқытатын 3 сынып. Оның ішінде 7-9 сыныптар - 9 сынып жиынтығы; 10-11 сыныптар - 5 сынып жиынтығы.

Апталық оқу жүктемесінің максималды көлемі 7- сыныптарда—39 сағат, 8-сыныптарда - 40, 9-сыныптарда - 42, 10-11 сыныптарда 43 сағатты құрайды.

2022-2023 оқу жылының Ақмола облысы білім басқармасы басшысы Б.Жүсіпов және Республикалық «Дарын» ғылыми-практикалық орталығының директоры А.Унайбековпен келісілген оқу жұмыс жоспары қаралды. Ақмола облысы білім басқармасының «Нұр-Сұлтан қаласының № 2 «Дарын» облыстық мамандандырылған мектеп-лицей- интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры Р.Шамуратовамен бекітілген.

2022-2023 оқу жылында барлығы 14 сынып жиынтығы бар. Қазақ тілінде оқытатын 11 сынып және орыс тілінде оқытатын 3 сынып. Оның ішінде 7-9 сыныптар— 9 сынып - жиынтығы; 10-11 сыныптар-5 сынып - жиынтығы.

Апталық оқу жүктемесінің максималды көлемі 7- сыныптарда—39 сағат, 8-сыныптарда –39 сағат; 9-сыныптарында – 41 сағат; 10-11 сыныптарда 42 сағатты құрайды.

2023-2024 оқу жылының Ақмола облысы білім басқармасы басшысы Ш.Оразалин және Республикалық «Дарын» ғылыми-практикалық орталығының директоры Х.Тұрсыновпен келісілген оқу жұмыс жоспары қаралды. 7-11 сыныптарға арналған оқу жұмыс жоспары «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (бұдан әрі – МЖМБС) (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы және «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (ҚР МП 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы) негізінде әзірленген. 2023- 2024 оқу жылында барлығы 13 сынып жиынтығы оқытылған. Қазақ тілінде оқытатын 11 сынып және орыс тілінде оқытатын 2 сынып.

Оның ішінде 7-9 сыныптар – 8 сынып жиынтығы; 10-11 сыныптар – 5 комплект.

Апталық оқу жүктемесінің максималды көлемі мемлекеттік тілде оқытатын 7- сыныптарда–35,5 сағат, 8-сыныптарда –35,5; 9- сыныптарда – 37; 10-11 сыныптарда 38 сағатты құрайды.

Апталық оқу жүктемесінің максималды көлемі орыс тілінде оқытылатын 9- сыныптарда – 39; 10- сыныптарда 38 сағатты құрайды.

Осылайша, 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарындағы оқу жүктемесінің ең жоғарғы көлемінің сәйкестігі сақталған.

Қорытынды: Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» (2 қосымшасы) 3-тарау 28 тармағына, «Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының» (3 қосымшасы) 3 тарау 40 тармағына, «Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» (4 қосымша) 3 тарау 30 тармағына сәйкес келеді.

2) Білім алушылардың инвариантты және вариативті компонентін арнайы білім беру ұйымы үшін түзету компоненті) құрайтын оқу жүктемесінің жалпы көлемінің, сондай-ақ ҰОЖ-мен белгіленген сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесінің сәйкестігі және сақталуы;

Бағаланатын кезеңді талдауға арналған құжаттар: бағаланатын кезеңдегі оқу жұмыс жоспары, оқу пәндері бойынша күнтізбелік-тақырыптық жоспарлар, сынып журналдары ("Білімал" немесе "Күнделік" АЖ-дан жүктеу).

Талдау нәтижесі: осы өлшем бойынша талдау үшін ұсынылған құжаттарды зерделеу төмендегіні көрсетті:

2021-2022 оқу жылына қазақ тілінде оқытылатын сыныптардың оқу жұмыс жоспары бойынша:

Сынып	Инвариант компоненті	Вариативтік компонент	Апталық сағат саны	Жылдық сағат саны
7	32	6	38	1292
8	32	7	39	1326
9	33	8	41	1394
10	32	10	42	1428
11	32	10	42	1428
Барлығы	161	41	202	6868

2021-2022 оқу жылына орыс тілінде оқытылатын сыныптардың оқу жұмыс жоспары бойынша

Сынып	Инвариант компоненті	Вариативтік компонент	Апталық сағат саны	Жылдық сағат саны
7	32	6	38	1292
8	32	7	39	1326
11	32	10	42	1428
Барлығы	96	23	119	4046

2022-2023 оқу жылына қазақ тілінде оқытылатын сыныптардың оқу жұмыс жоспары бойынша:

Сынып	Инвариант компоненті	Вариативтік компонент	Апталық сағат саны	Жылдық сағат саны
-------	----------------------	-----------------------	--------------------	-------------------

7	31	4,5	35,5	1278
8	31	4,5	35,5	1278
9	32	7	39	1404
10	31	7	38	1368
11	31	7	38	1368
Барлығы	156	30	186	6696

2022-2023 оқу жылына орыс тілінде оқытылатын сыныптардың оқу жұмыс жоспары бойынша

Сынып	Инвариант компоненті	Вариативтік компонент	Апталық сағат саны	Жылдық сағат саны
8	31	5,5	36,5	1314
9	32	7	39	1404
11	32	6	38	1368
Барлығы	95	18,5	113,5	4086

2023-2024 оқу жылына қазақ тілінде оқытылатын сыныптардың оқу жұмыс жоспары бойынша:

Сынып	Инвариант компоненті	Вариативтік компонент	Апталық сағат саны	Жылдық сағат саны
7	31	4,5	35,5	1207
8	31	4,5	35,5	1207
9	32	5	37	1258
10	31	7	38	1368
11	31	7	38	1368
Барлығы	156	28	184	6324

2023-2024 оқу жылында орыс тілінде оқытылатын сыныптардың оқу жұмыс жоспары бойынша

Сынып	Инвариант компоненті	Вариативтік компонент	Апталық сағат саны	Жылдық сағат саны
9	32	7	39	1326
10	32	6	38	1292
Барлығы	64	13	77	2618

Осылайша, 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарындағы оқу жұмыс жоспарында берілген инвариантты және вариативті компоненттерді құрайтын оқу жүктемесінің жалпы көлемі бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесінің сәйкестігі сақталғаны, күнтізбелік-тақырыптық жоспар, «Күнделік» электронды журнал да жұмыс оқу жоспарына сай құрылған.

Қорытынды: Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» (2 қосымшасы) 3-тарау 29 тармағына, «Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының» (3 қосымшасы) 3 тарау 41 тармағына, «Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» (4 қосымша) 3 тарау 31 тармағына сәйкес келеді.

3) сыныптарды, оның ішінде инклюзивті білім беру шеңберінде ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін ескере отырып, топтарға бөлуге қойылатын талаптарды сақтау.

Бағаланатын кезең үшін талдау үшін құжаттар: бағаланатын кезең үшін әдістемелік ұсынымдарға 8-қосымша, оқу пәндері бойынша күнтізбелік-тақырыптық жоспарлар, сынып журналдары ("Білімал" немесе "Күнделік" АЖ-дан жүктеу).

Талдау нәтижесі: осы өлшем бойынша талдау үшін ұсынылған құжаттарды зерделеу төмендегіні көрсетті:

2021-2022 оқу жылында 7 «А», 7«Ә», 7«Б», 7«В», 8«А», 8«Ә» 8«Б», 9«А» 9«Ә» сыныптарында көркем еңбек пәні, денешынықтыру пәні 7 «А», 7«Ә», 7«Б», 8«А», 8«Ә» екі топқа бөлініп оқытылған.

Сыныпты екі топқа бөлу 24 және одан да көп оқушыларға арналған сыныптарды толтыру кезінде жүзеге асырылатындықтан, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылында бөліп оқыту болмаған.

Инклюзивті білім беру шеңберінде ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылар жоқ.

Қорытынды: Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» (2 қосымшасы) 3-тарау 30-31 тармағына, «Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының» (3 қосымшасы) 3 тарау 43,45 тармағына, «Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» (4 қосымша) 3 тарау 33,34 тармағына сәйкес келеді.

4. Білім алушылардың дайындық деңгейіне өлшемшарттар:

1) ЖБП үлгілік оқу бағдарламалары мен Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) талаптарына сәйкес тиісті білім беру деңгейінің әрбір білім беру саласы (және оқу пәндеріне) бойынша білім алушылардың дайындық деңгейі (оқытудан күтілетін нәтижелер)

Бағаланатын кезеңге талдау жасауға арналған құжаттар: негізгі орта, жалпы орта білім беру деңгейіндегі оқу курсы үшін емтихан хаттамалары, оқу пәндері бойынша күнтізбелік-тақырыптық жоспарлар, сынып журналдары ("Білімал" немесе "Күнделік" АЖ-дан түсіру).

Талдау нәтижесі: осы өлшемді зерделеу барысында білім беру талаптарына сай тиісті білім беру деңгейінің әрбір білім беру саласы (және оқу пәндеріне) бойынша білім алушылардың дайындық деңгейі (оқытудан күтілетін нәтижелер) талаптарына сәйкес тиісті білім беру деңгейінің әрбір білім беру саласы (және оқу пәндеріне) бойынша білім алушылардың дайындық деңгейі (оқытудан күтілетін нәтижелер) зерделенді.

2021-2022, 2022-2023 оқу жылында 9-сыныптың мемлекеттік емтихан тапсырғандығы туралы электронды журналдарда емтихан бағасы мен қорытынды бағасы қойылған, емтиханның өткізілгендігін растайтын хаттама көшірмелері берілген.

2021-2022 оқу жылында қазақ тілінде оқытылатын сыныптарда 9- сынып бойынша:

2021-2022, 2022-2023 оқу жылында 9-сыныптың мемлекеттік емтихан тапсырғандығы туралы электронды журналдарда емтихан бағасы мен қорытынды бағасы қойылған, емтиханның өткізілгендігін растайтын хаттама көшірмелері берілген.

2021-2022 оқу жылында қазақ тілінде оқытылатын сыныптарда

9 сыныптар бойынша:

Қазақ тілі пәнінен 31 оқушы, емтихан бағасы бойынша білім сапасы 100%;

Алгебра пәнінен 31 оқушы, емтихан бағасы бойынша білім сапасы 93%;

Орыс тілі және әдебиеті пәнінен 31 оқушы, емтихан бағасы бойынша білім сапасы 100 %;

Таңдау пәндері емтихан нәтижесі: география-100%; биология -100%; химия-100%

2021-2022 оқу жылында қазақ тілінде оқытылатын сыныптарда

11 сыныптар бойынша:

Қазақ тілі пәнінен 15 оқушы, емтихан бағасы бойынша білім сапасы - 100%;

Алгебра мен анализ бастамалары пәнінен 15 оқушы, емтихан бағасы бойынша білім сапасы 100 %;

Қазақстан тарихы пәнінен 15 оқушы, емтихан бағасы бойынша білім сапасы 100%;

Орыс тілі және әдебиеті пәнінен 15 оқушы, емтихан бағасы бойынша білім сапасы 100%;

Таңдау пәні/биология/ бойынша 3 оқушы, емтихан бағасы бойынша білім сапасы 100%;

Таңдау пәні/физика/ бойынша 6 оқушы, емтихан бағасы бойынша білім сапасы 100%;

Таңдау пәні/ағылшын/ бойынша 3 оқушы, емтихан бағасы бойынша білім сапасы 100%;

Таңдау пәні/география/ бойынша 2 оқушы, емтихан бағасы бойынша білім сапасы 100%;

Таңдау пәні/қазақ әдебиеті/ бойынша 1 оқушы, емтихан бағасы бойынша білім сапасы 100%;

2021-2022 оқу жылында орыс тілінде оқытылатын 11- сынып бойынша:

Орыс тілі пәнінен 9 оқушы, емтихан бағасы бойынша білім сапасы - 100%;

Алгебра мен анализ бастамалары пәнінен 9 оқушы, емтихан бағасы бойынша білім сапасы -93 %;

Қазақстан тарихы пәнінен 9 оқушы, емтихан бағасы бойынша білім сапасы 93%;

Қазақ тілі және әдебиеті пәнінен 9 оқушы, емтихан бағасы бойынша білім сапасы 100%;

Таңдау пәні/дүние жүзі тарихы/ бойынша 1 оқушы, емтихан бағасы бойынша білім сапасы 100%;

Таңдау пәні/физика/ бойынша 1 оқушы, емтихан бағасы бойынша білім сапасы 100%;

Таңдау пәні/ағылшын/ бойынша 1 оқушы, емтихан бағасы бойынша білім сапасы 100%;

Таңдау пәні/география/ бойынша 6 оқушы, емтихан бағасы бойынша білім сапасы 100%;

2022-2023 оқу жылында қазақ тілінде оқытылатын сыныптарда 9- сынып бойынша:

Қазақ тілі пәнінен 32 оқушы, емтихан бағасы бойынша білім сапасы 100%;

Алгебра пәнінен 32 оқушы, емтихан бағасы бойынша білім сапасы 93 %;

Орыс тілі және әдебиеті пәнінен 32 оқушы, емтихан бағасы бойынша білім сапасы 100 %;

Таңдау пәні/биология/ бойынша 2 оқушы, емтихан бағасы бойынша білім сапасы 100%;

Таңдау пәні/география/ бойынша 15 оқушы, емтихан бағасы бойынша білім сапасы 100 %;

Таңдау пәні/физика/ бойынша 2 оқушы, емтихан бағасы бойынша білім сапасы 100 %;

орыс тілінде оқытылатын сыныптарда 9- сынып бойынша:

Орыс тілі пәнінен 8 оқушы, емтихан бағасы бойынша білім сапасы 100 %;

Алгебра пәнінен 10 оқушы, емтихан бағасы бойынша білім сапасы 75 %;

Қазақ тілі және әдебиеті пәнінен 10 оқушы, емтихан бағасы бойынша білім сапасы 100 %;

Таңдау пәні/география/ бойынша 2 оқушы, емтихан бағасы бойынша білім сапасы 100 %;

Таңдау пәні/физика/ бойынша 2 оқушы, емтихан бағасы бойынша білім сапасы 100%;

Таңдау пәні/Қазақстан тарихы/ бойынша 1 оқушы, емтихан бағасы бойынша білім сапасы 100%;

Таңдау пәні/дүние жүзі тарихы/ бойынша 1 оқушы, емтихан бағасы бойынша 100%;

Таңдау пәні/орыс әдебиеті/ бойынша 2 оқушы, емтихан бағасы бойынша 100%;

2022-2023 оқу жылында қазақ тілінде оқытылатын сыныптарда

11 сыныптар бойынша:

Қазақ тілі пәнінен 25 оқушы, емтихан бағасы бойынша білім сапасы - 100%;

Алгебра мен анализ бастамалары пәнінен 25 оқушы, емтихан бағасы бойынша білім сапасы 88 %;

Қазақстан тарихы пәнінен 25 оқушы, емтихан бағасы бойынша білім сапасы 88%;

Орыс тілі және әдебиеті пәнінен 25 оқушы, емтихан бағасы бойынша білім сапасы 100%;

Таңдау пәні/биология/ бойынша 4 оқушы, емтихан бағасы бойынша білім сапасы 75%;

Таңдау пәні/физика/ бойынша 7 оқушы, емтихан бағасы бойынша білім сапасы 100%;

Таңдау пәні/ағылшын/ бойынша 5 оқушы, емтихан бағасы бойынша білім сапасы 100%;

Таңдау пәні/география/ бойынша 7 оқушы, емтихан бағасы бойынша білім сапасы 100%;

Таңдау пәні/информатика/ бойынша 2 оқушы, емтихан бағасы бойынша білім сапасы 100%;

2022-2023 оқу жылында орыс тілінде оқытылатын 11- сынып бойынша:

Орыс тілі пәнінен 6 оқушы, емтихан бағасы бойынша білім сапасы - 100%;

Алгебра мен анализ бастамалары пәнінен 6 оқушы, емтихан бағасы бойынша білім сапасы -83 %;

Қазақстан тарихы пәнінен 6 оқушы, емтихан бағасы бойынша білім сапасы 100%;

Қазақ тілі және әдебиеті пәнінен 6 оқушы, емтихан бағасы бойынша білім сапасы 100%;

Таңдау пәні/дүние жүзі тарихы/ бойынша 1 оқушы, емтихан бағасы бойынша білім сапасы 100%;

Таңдау пәні/физика/ бойынша 2 оқушы, емтихан бағасы бойынша білім сапасы 100%;

Таңдау пәні/биология/ бойынша 1 оқушы, емтихан бағасы бойынша білім сапасы 100%;

Таңдау пәні/география/ бойынша 1 оқушы, емтихан бағасы бойынша білім сапасы 100%;

Таңдау пәні/ағылшын тілі / бойынша 1 оқушы, емтихан бағасы бойынша білім сапасы 100%; электронды журнал бағалары сәйкеседі, толық толтырылған.

2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарында КТЖ барлық пәндер бойынша kundelik.kz электронды журналында 2024 жылдың 18 маусымына дейін толық толтырылған, тақырыптары жазылған. Есеп бөлімінде тақырыптың толтырылуы мектеп бойынша 2021-2022 оқу жылдарында 100 %; 2022-2023 оқу жылдарында 100%; 2023-2024 оқу жылдарында 100% көрсеткен.

Осылайша, беру деңгейінің әрбір білім беру саласы (және оқу пәндеріне) бойынша білім алушылардың дайындық деңгейі (оқытудан күтілетін нәтижелер) талапқа сай жүзеге асырылатыны анықталды.

Қорытынды: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген «Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының» (3 қосымшасы) 4 тарау 47 тармағына, «Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» (4 қосымша) 4 тарау 46,47 сәйкес келеді.

2) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы № 52 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13137 болып тіркелген) білім алушылардың білімін бағалау өлшемшарттарына сәйкес

білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауды жүзеге асыру мен қалыптастырушы және жиынтық бағалау талаптарын сақтау;

Бағаланатын кезеңге талдау жасауға арналған құжаттар: оқу пәндері бойынша күнтізбелік-тақырыптық жоспарлар, сынып журналдары ("Білімал" немесе "Кунделик" АЖ-дан түсіру).

Талдау нәтижесі: Білім беру ұйымдарында бағалау «Білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды мемлекеттік аттестаттау жүргізудің үлгі ережесін бекіту туралы» ҚР БҒМ -нің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығымен және «Білім беру мазмұнын жаңарту аясында орта мектеп үшін критериалды бағалау мен құжаттарды рәсімдеу бойынша» мектепте формативті бағалау, БЖБ және ТЖБ қорытындысы бойынша (білім алушылардың оқу жетістігі) балл электрондық журналға қойылған.

Аталған білім беру ұйымында 7-11-сынып білім алушыларының оқу жетістіктерін формативті бағалау бір баллдан 10 баллға дейінгі шекте жүзеге асырылған. 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарында БЖБ және ТЖБ уақытылы КТЖ-ға сәйкес жүргізіліп отырған, kundelik.kz электронды журналында бағалары толық қойылған.

Осылайша, 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдары бойынша білім алушылардың білімін бағалау өлшемшарттарына сәйкес білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауды жүзеге асыру мен қалыптастырушы және жиынтық бағалау талаптары сақталған.

Қорытынды: Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» (2 қосымшасы) 4-тарау 40, 42 тармағына, «Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының» (3 қосымшасы) 4 тарау 57, 59 тармағына, «Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» (4 қосымша) 4 тарау 51,53 тармағына сәйкес келеді.

3) Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) талаптарына сәйкес ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушыларды оқыту кезінде инклюзивті білім берудің (дамудың бұзылуын түзету және әлеуметтік бейімдеу) талаптарын орындау;

Бағаланатын кезеңге талдау жасауға арналған құжаттар: жеке оқу жоспарлары мен оқу бағдарламалары, оқу пәндері бойынша күнтізбелік-тақырыптық жоспарлар, сынып журналдары ("Білімал" немесе "Кунделик" АЖ-дан жүктеу).

Талдау нәтижесі: Білім беру ұйымдарында ерекше білім алу қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктері бар білім алушылар, үйде оқитын білім алушылар инклюзивті білім берудің (дамудың бұзылуын түзету және әлеуметтік бейімдеу) жоқтығы анықталды.

Қорытынды: Талдаудың нысаны жоқ.

4. 4,9-сыныптардың білім алушыларымен күтілетін оқу нәтижесіне қол жеткізуін айқындау және тиісті білім деңгейінің мемлекеттік жалпы

білім беру стандартының талаптарында көзделген білім беретін оқу бағдарламаларын меңгеру бойынша оқыту нәтижесін бағалау.

Бағаланатын кезеңге талдау жасауға арналған құжаттар: 4, 9-сынып оқушыларының білім, білік және дағды сапасын бағалау нәтижесі, оның ішінде әдістемелік ұсынымдарға 13-қосымшаға сәйкес толтырылған кестелер.

Талдау нәтижесі: осы өлшем бойынша талдау үшін ұсынылған құжаттарды зерделеуде оқыту нәтижесін бағалауға жататын белгілі бір білім беру деңгейі контингентінің жалпы тізімдік құрамынан (деңгейді жазу) білім алушылардың 98% кешенді тестілеуге қатысқанын көрсетті.

№	Сыныбы	Барлық оқушылар саны	Қатысқандар саны	Қатысқандардың үлесі%	Бағалар саны "2"	Бағалар саны "3"	Бағалар саны "4"	Бағалар саны "5"	Оң нәтижелердің үлесі
					40% кем	40-64%	65-84%	85-100%	
1	4	52	51	98%	1	26	22	3	95,75 %

Осылайша, 9-сынып оқушылары тиісті білім деңгейінің мемлекеттік жалпы білім беру стандартының талаптарында көзделген білім беретін оқу бағдарламаларын меңгергендігі және сапасы 48 % құрайтыны анықталды.

Қорытынды: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген «Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының» (3 қосымшасы) 4 тарауға сәйкес келеді.

5. Оқу мерзіміне өлшемшарттар:

1) Тиісті деңгейдегі жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын игеру мерзімдеріне қойылатын талаптарды сақтау

Талдауға арналған бағаланатын кезеңдегі құжаттар: жалпы білім беру бағдарламалары, оқу пәндері бойынша күнтізбелік-тақырыптық жоспарлар, сынып журналдары ("Күнделік" АЖ-дан жүктеу).

Талдау нәтижесі: аталған өлшем бойынша білім алушыларды қабылдау, ауыстыру немесе оқудан шығару туралы бұйрықтар білім беру ұйымының ҰБДҚ сақталған. Аталған құжаттарды зерделеу барысында негізгі орта білім беру деңгейіндегі оқу бағдарламаларын игеру мерзімі – 3 жыл (7-9 сыныптар), жалпы білім беру оқу бағдарламаларын меңгеру – 2 жыл (10-11 сыныптар) екені анықталды.

Қорытынды: Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген «Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының» (3 қосымшасы) 5 тарау 62 тармағына, «Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» (4 қосымша) 5 тарау 56- тармағына сәйкес келеді.

2) Сыныптар бойынша оқу жылының ұзақтығына және оқу жылындағы каникул уақытының ұзақтығына қойылатын талаптарды сақтау.

Бағаланатын кезең үшін талдауға арналған құжаттар: теориялық және практикалық сабақтардың сынып журналдары, педагогикалық кеңес хаттамаларының көшірмелері және т.б.

Талдау нәтижесі: Осы өлшем бойынша теориялық және практикалық сабақтардың сынып журналдары, педагогикалық кеңес хаттамаларының көшірмелері және т. б. зерделенді.

2021-2022 оқу жылында "Білім беру ұйымдарында 2021-2022 оқу жылының басталуын, ұзақтығын және каникулдық кезеңдерін айқындау туралы" Қазақстан Республикасы БҒМ 27.07.2021 ж. № 368 Бұйрығымен каникулдық кезеңдер белгіленді: 2021-2022 оқу жылының басталуы

2021 жылғы 1 қыркүйек. Оқу жылының аяқталуы-2022 жылғы 25 мамыр. 7-11 сыныптардағы демалыс: күзгі – 7 күн (2021 жылғы 01-07 қарашаны қоса алғанда), қысқы - 11 күн (2021 жылғы 30 желтоқсаннан бастап 2022 жылғы 09 қаңтарды қоса алғанда), көктемгі – 12 күн (2022 жылғы 19-30 наурызды қоса алғанда). 7-11 сыныптардағы оқу жылының ұзақтығы – 34 оқу аптасы.

7-11 сыныптардағы сабақтың ұзақтығы-45 минут.

2022-2023 оқу жылында 2021 жылдың 1 қыркүйегінде. Оқу жылының аяқталуы-2022 жылғы 25 мамыр.

7-11 сыныптардағы демалыс: күзгі – 7 күн (2021 жылғы 01-07 қарашаны қоса алғанда), қысқы - 11 күн (2021 жылғы 30 желтоқсаннан бастап 2022 жылғы 09 қаңтарды қоса алғанда), көктемгі – 12 күн (2022 жылғы 19-30 наурызды қоса алғанда). 7-11 сыныптардағы оқу жылының ұзақтығы – 34 оқу аптасы.

2022-2023 оқу жылында "Білім беру ұйымдарында 2022-2023 оқу жылының басталуын, ұзақтығын және каникулдық кезеңдерін айқындау туралы" Қазақстан Республикасы БҒМ 12.08.2022 ж. № 363 бұйрығымен каникулдық кезеңдер белгіленді: 2022-2023 оқу жылының басы – 2022 жылғы 1 қыркүйек. Оқу жылының аяқталуы - 2023 жылғы 31 мамыр.

7-11 сыныптардағы демалыс: күзгі – 7 күн (2022 жылғы 31 қазаннан бастап 06 қарашаны қоса алғанда), қысқы - 9 күн (2022 жылғы 31 желтоқсаннан бастап 2023 жылғы 08 қаңтарды қоса алғанда), көктемгі – 9 күн (2023 жылғы 18-26 наурызды қоса алғанда). 7-11 сыныптардағы оқу жылының ұзақтығы – 36 оқу аптасы.

7-11 сыныптардағы сабақтың ұзақтығы-45 минут.

2023-2024 оқу жылында «Орта білім беру ұйымдарында 2023-2024 оқу жылының басталу және аяқталу мерзімдерін, сондай-ақ білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу мерзімдерін айқындау туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 4 қазандағы № 304 бұйрығы "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 38) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) сәйкес 2023 жылғы 1 қыркүйек – 2024 жылғы 25 мамырды қоса алғанда:

7-11 (12) сыныптарда оқу жылы ішінде тоқсандардың және демалыстардың ұзақтығы: 1-тоқсан – 8 оқу аптасы, күзгі демалыс – күнтізбелік 7 күн (2023 жылғы 30 қазаннан бастап 5 қарашаны қоса алғанда); 2-тоқсан – 8 оқу аптасы, қысқы демалыс – күнтізбелік 10 күн (2023 жылғы 29 желтоқсаннан бастап, 2024 жылғы 7 қаңтарды қоса алғанда); 3-тоқсан – 10 оқу аптасы, көктемгі демалыс – күнтізбелік 11 күн (2024 жылғы 21-31 наурыз аралығында); 4-тоқсан – 8 оқу аптасы болып есептеледі. 7-11 сыныптардағы

оқу жылының ұзақтығы – 34 оқу аптасы. 7-11 сыныптардағы сабақтың ұзақтығы-45 минут.

Қорытынды:Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген «Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының» (3 қосымшасы) 5 тарау 63-64 тармағына, «Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» (4 қосымша) 5 тарау 57,58 - тармағына сәйкес келеді.

Қорытынды: Ақмола облысы білім басқармасының «Астана қаласының № 2 «Дарын» облыстық мамандандырылған мектеп-лицей-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің білім беру қызметі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес келеді.

Комиссия төрағасы _____ А.Б.Жанәділ

Комиссия мүшелері _____ А.Б.Мукашева

_____ А.Т.Жакишева

_____ А.С.Құлмағанбетова

_____ А.С.Нурушева

Бағалау парағы
«Астана қаласының № 2 «Дарын» облыстық мамандандырылған
мектеп-лицей- интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

р/с №	Бағалау өлшемшарттары	Өлшеуіштер	Балдары
1	Тиісті бейіні бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжаты бар педагогтердің үлесі	95 %	4
2	Біліктілік санатының деңгейін бес жылда бір реттен сиретпей арттырған / растаған педагогтердің (оның ішінде басшылардың үш жылда бір реттен сиретпей) үлесі	100 %	5
3	Үш жылда бір реттен сиретпей (оның ішінде басшы, басшы орынбасарларының) біліктілігін арттыру курстарынан өткен педагогтердің үлесі	100 %	5
5	Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы № 473 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 30721 тіркелген) сәйкес негізгі жұмыс орны лицензиат болып табылатын жоғары және бірінші санатты педагогтердің, педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің, педагог-шеберлердің негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейіндегі педагогтердің жалпы санынан үлесі	Толық жинақталған білім беру ұйымдары үшін: Жалпы білім беретін мектептер, мектеп-гимназиялар, мектеп-лицейлер - 55 %-дан жоғары, лицейлер - 60 %-дан жоғары, оның ішінде жаратылыстану-математикалық бағыттағы педагогтердің үлесі 50%-дан жоғары, гимназиялар үшін 60 %-дан жоғары, оның ішінде қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы педагогтердің үлесі 50%-дан жоғары, Дарынды балаларға арналған мамандандырылған білім беру ұйымдары үшін 65 %-дан жоғары, оның ішінде аудандық және / немесе облыстық конкурстармен жарыстар кезеңдерінің жеңімпаздарын және /немесе білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен соңғы бесжылдағы республикалық конкурстармен жарыстардың қатысушыларымен жеңімпаздарын дайындаған педагогтер (болған жағдайда); Шағын жинақталған білім беру ұйымдары үшін: Жалпы білім беретін мектептер 35 %-дан жоғары	5
		Толық жинақталған білім беру ұйымдары үшін: Жалпы білім беретін мектептер, мектеп-гимназиялар, мектеп-лицейлер -45% -дан 54 % аралығында, лицейлер - 50%-дан 59 % аралығында, оның ішінде жаратылыстану-математикалық	

		<p>бағыттағы педагогтердің үлесі 40%-дан 49% аралығында, гимназиялар үшін 50%-дан 59 % аралығында, оның ішінде қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы педагогтердің үлесі 40%-дан 49% аралығында, Дарынды балаларға арналған мамандандырылған білім беру ұйымдары үшін 55%-дан 64% аралығында, оның ішінде аудандық және /немесе облыстық конкурстармен жарыстар кезеңдерінің жеңімпаздарын және/немесе білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен соңғы бес жылдағы республикалық конкурстармен жарыстардың қатысушыларымен жеңімпаздарын дайындаған педагогтер (болған жағдайда); Шағын жинақталған білім беру ұйымдары үшін: Жалпы білім беретін мектептер 30%-дан 34 % аралығында</p>	
		<p>Толық жинақталған білім беру ұйымдары үшін: Жалпы білім беретін мектептер, мектеп-гимназиялар, мектеп-лицейлер -35%-дан 44 % аралығында, лицейлер - 40%-дан 49 % аралығында, оның ішінде жаратылыстану-математикалық бағыттағы педагогтердің үлесі 30%-дан 39% аралығында, гимназиялар үшін 40%-дан 49 % аралығында, оның ішінде қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы педагогтердің үлесі 30%-дан 39% аралығында, Дарынды балаларға арналған мамандандырылған білім беру ұйымдары үшін 45%-дан 54% аралығында, оның ішінде аудандық және/немесе облыстық конкурстармен жарыстар кезеңдерінің жеңімпаздарын және/немесе білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен соңғы бес жылдағы республикалық конкурстар мен жарыстардың қатысушыларымен жеңімпаздарын дайындаған педагогтер (болған жағдайда); Шағын жинақталған білім беру ұйымдары үшін: Жалпы білім беретін мектептер 25%-дан 29 % аралығында</p>	

		<p>Толық жинақталған білім беру ұйымдары үшін: Жалпы білім беретін мектептер, мектеп-гимназиялар, мектеп-лицейлер -35%-дан төмен, лицейлер - 40 %-дан төмен, оның ішінде жаратылыстану-математикалық бағыттағы педагогтердің үлесі30%-дан төмен, гимназиялар үшін 40 %-дан төмен, оның ішінде қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы педагогтердің үлесі 30%-дан төмен, Дарынды балаларға арналған мамандандырылған білім беру ұйымдары үшін 45%-дан төмен, оның ішінде аудандық және/немесе облыстық конкурстармен жарыстар кезеңдерінің жеңімпаздарын және/немесе білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен соңғы бес жылдағы республикалық конкурстармен жарыстардың қатысушылары мен жеңімпаздарын дайындаған педагогтер (болған жағдайда); Шағын жинақталған білім беру ұйымдары үшін: Жалпы білім беретін мектептер 25 %-дан төмен</p>	
6	Білім беру ұйымдарының Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13272 тіркелген) сәйкес жабдықтармен және жиһазбен жарақтандырылуы	79 %	2
7	Ғимараттарда (оқу корпустарында) ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдар үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 6 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 26513 тіркелген) сәйкес жағдай жасалуы (пандус, есіктер мен баспалдақтарды контрастты бояумен бояу)	100 %	5
8	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 19 қаңтардағы № 44 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13070 тіркелген), 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрықтарына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20708 тіркелген) сәйкес бастауыш, негізгі орта және жалпы білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендер мен,	100 %	5

	оқу және көркем әдебиеттермен қамтамасыз етілуі		
9	Білім беру ұйымдары топтарының (сыныптарының) толықтырылуының сәйкестігі (топтар/сыныптар бөлінісінде)	94 %	3
10	Оқыту нәтижесі (білім, білік және дағды сапасын бағалау)	Компьютерлік тестілеудің қорытындысы бойынша барлық тестіленетін бағыттар бойынша оң жауаптардың үлесі 85 %-дан 100 %-ға дейін құрайды	5
		Компьютерлік тестілеудің қорытындысы бойынша барлық тестіленетін бағыттар бойынша оң жауаптардың үлесі 65 - 84 %-ға дейін құрайды	
		Компьютерлік тестілеудің қорытындысы бойынша барлық тестіленетін бағыттар бойынша оң жауаптардың үлесі 40-64 %-ға дейін құрайды	
		Компьютерлік тестілеудің қорытындысы бойынша барлық тестіленетін бағыттар бойынша оң жауаптардың үлесі 40 %-дан төмен құрайды	
11	Білім алушылардың сауалнама нәтижесін талдау	80 % -дан 100%-ға дейінгі респонденттер көрсетілетін білім беру қызметтерінің деңгейіне қанағаттанған	5
		65% -дан 79 % -ға дейінгі респонденттер көрсетілетін білім беру қызметтерінің деңгейіне қанағаттанған	
		50 % -дан 64 % -ға дейінгі респонденттер көрсетілетін білім беру қызметтерінің деңгейіне қанағаттанған	
		50 % -дан төмен респонденттер көрсетілетін білім беру қызметтерінің деңгейіне қанағаттанған	
12	Педагогтердің сауалнама нәтижесін талдау	80 % -дан 100% -ға дейінгі респонденттер сапалы оқыту мен тәрбиелеу үшін жағдайдың жасалу деңгейіне қанағаттанған	5
		65% -дан 79 % -ға дейінгі респонденттер сапалы оқыту мен тәрбиелеу үшін жағдайдың жасалу деңгейіне қанағаттанған	
		50 % -дан 64 % -ға дейінгі респонденттер сапалы оқыту мен тәрбиелеу үшін жағдайдың жасалу деңгейіне қанағаттанған	
		50 %-дан төмен респонденттер сапалы оқыту мен тәрбиелеу үшін	

		жағдайдың жасалу деңгейіне қанағаттанған	
13	Ата-аналардың (заңдыөкілдер) сауалнама нәтижесін талдау	80 % -дан 100%-ға дейінгі респонденттер білім алушылардың дайындық деңгейіне қанағаттанған	5
		65% -дан 79 % -ға дейінгі респонденттер білім алушылардың дайындық деңгейіне қанағаттанған	
		50 % -дан 64 % -ға дейінгі респонденттер білім алушылардың дайындық деңгейіне қанағаттанған	
		50 %-дан төмен респонденттер білім алушылардың дайындық деңгейіне қанағаттанған	
		Барлығы	54

Қорытынды: 54 балл

Ескерту: Егер білім беру ұйымының білім беру қызметі мемлекеттік жалпыға міндетті стандартқа сәйкес келмесе, білім беру ұйымының қызметін бағалау кезінде балдардың қорытынды соммасы 50 % төмендейді.

Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарына "үлгілі" - 5, "жақсы" - 4, "жақсартуды қажет етеді" - 3, "төмен" - 2 деңгейлерінің біріне сәйкес келетін өлшеуіштер және балл қолданылады.

Комиссияның хаттамалық шешімі «19» маусым 2024 жыл

Комиссия төрағасы _____ А.Б.Жанәділ

Комиссия мүшелері _____ А.Б.Мукашева

_____ А.Т.Жакишева

_____ А.С.Құлмағанбетова